- Ағымдағы бағдарлама ақпаратын көру үшін, **АҚПАРАТ** түймесін басыңыз.


	ТД немесе СТД бағдарламасымен көрсетіледі.
	Радио бағдарламасымен көрсетіледі.
MHEG	MHEG бағдарламасымен көрсетіледі.
HE-AAC	HE-AAC бағдарламасымен көрсетіледі.
4:3	Таратылатын бағдарламаның қатынас коэффициенті.
16:9	Таратылатын бағдарламаның қатынас коэффициенті.
	Телемәтін бағдарламасымен көрсетіледі.
	Субтитр бағдарламасымен көрсетіледі.
	Шифрланған бағдарламамен көрсетіледі.
D	Dolby Digital бағдарламасымен көрсетіледі.
D+	Dolby Digital PLUS бағдарламасымен көрсетіледі.
576i/p, 720p, 1080i/p: таратылатын бағдарламаның ажыратымдылығы	
	Ақпаратына байланысты белгішесі бар таратылатын бағдарлама Монитор шығысы тармағында көрсетілмеуі мүмкін.

>	Келесі бағдарламаның ақпаратын көрсетеді.
∨ немесе ∧	Басқа бағдарламалардың ақпаратын көрсетеді.



OK	Жазу/еске салу параметрлерінің қалқымалы терезесі пайда болады.
∧ ∨	Таймермен жазу/еске салу параметрі режимін таңдайды.

немесе



OK	Еске салу параметрлеріне арналған қалқыма терезе ашылады.
< >	Таймер еске салғышын орнату режимін таңдаңыз.

ЭБН-ды қосу/өшіру

1 ЭБН-ды қосу немесе өшіру үшін, **Нұсқаулық** («НҰСҚАУЛЫҚ») түймесін басыңыз.

Бағдарламаны таңдау

1 Қажетті бағдарламаны таңдау үшін, жылжу немесе P ∧ ∨ түймелерін басыңыз.



Қазақша

ҚАЗІРГІ/КЕЛЕСІ нұсқаулық режимі

Беріліп жатқан және одан кейін жоспарланған бағдарламаны қарауға болады.

Түйме	Сипаттама
Қызыл түйме	ЭБН режимін ауыстырады.
Сары түйме	Қолмен реттелетін таймер режиміне кіреді.
Көк түйме	Жоспарлы бағдарламалар тізімі режиміне кіреді.
OK	«Енді» параметрі таңдалғанда, ол таңдалған бағдарламаға өтеді де, ЭБН экраннан жоғалады. «Келесі» тармағы таңдалғанда, тапсырыс беру қалқымалы терезесі пайда болады.
< >	ҚАЗІРГІ немесе КЕЛЕСІ бағдарламаны таңдайды.
^ v	Хабар тарату бағдарламасын таңдайды.
P ^ v	Келесі/алдыңғы бетке өтеді.
Нұсқаулық	ЭБН-ды өшіреді.
КЕРІ	
ШЫҒУ	
Теледидар/ Радио	СТД немесе РАДИО бағдарламасын таңдайды.
АҚПАРАТ	Толық ақпаратты көрсетеді немесе жасырады.

8 күндік нұсқаулық режимі

Түйме	Сипаттама
Қызыл түйме	ЭБН режимін ауыстырады.
Жасыл түйме	Күнді орнату режиміне кіреді.
Сары түйме	Қолмен реттелетін таймер режиміне кіреді.
Көк түйме	Жоспарлы бағдарламалар тізімі режиміне кіреді.
OK	Ағымдағы хабар тарату бағдарламасы таңдалғанда, ол таңдалған бағдарламаға өтеді де, ЭБН экраннан жоғалады. Келесі таратылатын бағдарлама таңдалғанда, сақтау қалқымалы терезесі пайда болады.
< >	Бағдарламаны таңдайды.
^ v	Хабар тарату бағдарламасын таңдайды.
P ^ v	Келесі/алдыңғы бетке өтеді.
Нұсқаулық	ЭБН-ды өшіреді.
КЕРІ	
ШЫҒУ	
Теледидар/ Радио	СТД немесе РАДИО бағдарламасын таңдайды.
АҚПАРАТ	Толық ақпаратты көрсетеді немесе жасырады.

Күнді ауыстыру режимі

Түйме	Сипаттама
Жасыл түйме	Күнді орнату режимін өшіреді.
v	
КЕРІ	
OK	Таңдалған күнге ауыстырады.
< >	Күнді таңдайды.
Нұсқаулық	ЭБН-ды өшіреді.
ШЫҒУ	

Ашылған сипаттама терезесі

Түйме	Сипаттама
АҚПАРАТ	Толық ақпаратты көрсетеді немесе жасырады.
^ v	Келесі/алдыңғы мәтінге өтеді.
< >	Таймермен жазу/еске салу параметрі режимін таңдайды.
Нұсқаулық	ЭБН-ды өшіреді.
ШЫҒУ	

Жазу/еске салу параметрлерін орнату режимі

Жазба үшін басталу және аяқталу уақытын, сондай-ақ, бағдарламаны орнатады; еске салғыш үшін басталу уақыты мен бағдарламаны орнатады,
ал аяқталу уақыты күңгірттеніп көрсетіледі.
Бұл функцияны pin8 жазба сигнализациясын пайдаланатын жазу жабдығы
SCART кабелі арқылы TV-OUT(AV1) терминалына жалғанған жағдайда ғана пайдалануға болады.
Жазу функциясына тек Сандық режимде қолдау бар, ал Аналогты режимде қолдау жоқ.

Түйме	Сипаттама
КЕРІ	Қолмен реттелетін таймер режимін өшіреді.
Сары түйме	Нұсқаулық режиміне ауысады.
Көк түйме	Жоспарлы бағдарламалар тізімі режиміне ауысады.
OK	Таймер жазбасын/еске салғышын сақтайды.
< >	Түр, Бастау Уақыты, Аяқтау Уақыты немесе Бағдарлама тармағын таңдайды.
^ v	Еске салу немесе жазу функциясы параметрін таңдайды.

немесе

Еске салу параметрлерін орнату режимі

Түйме	Сипаттама
КЕРІ	Қолмен реттелетін таймер режимін өшіреді.
OK	Қайталау параметрінің қалқыма терезесі ашылады.
Шарлау түймесі	Жоспарланатын күнді таңдаңыз.
Сары түйме	Нұсқаулық режиміне ауысады.
Көк түйме	Жоспарлы бағдарламалар тізімі режиміне ауысады.

Кесте тізімі режимі

Жоспарлы бағдарламалар тізімі жасалған болса, басқа бағдарлама қаралып жатса да, жоспарланған бағдарлама белгіленген уақытта көрсетіледі.
Ағымда жазылып жатқан бағдарламаны өңдеу немесе жою мүмкін емес.

Түйме	Сипаттама
Сары түйме	Қолмен реттелетін таймер режиміне ауысады.
Көк түйме	Нұсқаулық режиміне ауысады.
Нұсқаулық	
OK	Қажетті опцияны таңдайды (Өзгерту/Жою/Барлығын жою).
^ v	Бағдарламаны таңдайды.
P ^ v	Келесі/алдыңғы бетке өтеді.
КЕРІ	Жоспарлы бағдарламалар режимін өшіреді.

Қосымша опцияларды пайдалану

Кадр пішімін реттеу

Бейнені оңтайлы өлшемде көру үшін, теледидар көріп жатқанда, **ПІШІМ** түймесімен өлшемін өзгертіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Бейненің өлшемін **ЖЫЛДАМ МӘЗІР** түймесін басу немесе Бейне мәзірлеріндегі **Пішім** тармағын таңдау арқылы да өзгертуге болады.
- Үлкейту параметрі үшін Пішім мәзірінен **14:9**, **Үлкейту** және **Фильм ұлғайту** тармақтарын таңдаңыз. Үлкейту параметрін орнатып болған соң, дисплей қайтадан Жылдам мәзірді көрсетеді.
- Component режимінде тек **4:3**, **16:9** (Кең), **14:9**, **Үлкейту/Фильм ұлғайту** параметрлерін таңдауға болады.
- HDMI режимінде тек **4:3**, Бастапқы, **16:9** (Кең), **14:9**, **Масштабтау/Кинотеатрлық масштабтау** пішімдерін таңдауға болады.
- RGB-PC, HDMI-PC режимінде тек **4:3**, **16:9** (Кең) пішімдерін таңдауға болады.
- DTV/HDMI/Құрылғы (720p мәнін көп) күйінде, **Just Scan** («Тек қарап шығу») параметрі қолданылады.
- Аналогтық/DTV/AV/Scart режимінде **Full Wide** («Толық кеңейту») экраны бар.

- **16:**9: бейнелерді экран еніне лайықтайды.



- **Just Scan**: («Тек қарап шығу»): бейне кескіндерді кескіннің жиегіндегі бөлшектерді жоғалтпастан бастапқы өлшемде көрсетеді.



ЕСКЕРТПЕ


- **Ұлғайту параметрі** ғана таңдалса, бастапқы сигналда бейненің бұрмалануын байқауға болады.

- **Original** («Бастапқы»): кең экранды сигналды кабылдағанда, теледидар автоматты түрде жіберілетін бейне пішіміне ауысады.



- **Full Wide** («Толық кеңейту»): теледидар кең экранды сигналды алғанда, бейнені экранға толығымен кеңейту үшін, сызықтық пропорцияда бейнені көлденеңінен немесе тігінен реттеу керек болады.

  4:3 және 14:9 бейнелері DTV кірісі арқылы келетін бейне бұрмалауларынсыз экранға толық көрсетіледі.




- **4:3**: Суреттердің өлшемін алдыңғы standard 4:3 арақатынасына өзгертеді.



- **14:9**: сіз әлгіндей пішіні 14:9 суретті немесе теледидардағы бағдарламаны 14:9 режиммен көруіңізге болады. 14:9 экраны 4:3 экраны сияқты көрінеді, бірақ жоғары және төмен жылжиды.




- **Zoom** («Ұлғайту»): кескінді экран еніне шақ етіп үлкейтеді. Кескіннің жоғарғы және төменгі жағы пайда болмауы мүмкін.



ЕСКЕРТПЕ

- Жылдам мәзірлеріндегі **Арасалмақ еселігі** тармағына өтсеңіз:
  - бейнені тігінен созу үшін, жылжу түймелерін басыңыз;
  - бейнені үлкейту немесе кішірейту үшін, жылжу түймелерін басыңыз.

- **Cinema Zoom** («Фильм ұлғайту»): синемаскоп 2.35:1 арақатынасындағы кескінді үлкейтеді.
  - Фильм ұлғайту арақатынасын өзгерту үшін Жылжу түймелерін және оның ауқымын 1-ден 16-ға дейін басыңыз.
  - Ұлғайту фокусын жоғары немесе төмен жылжыту үшін Жылжу түймелерін басыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер бейнені үлкейтсе немесе кішірейтсе, бейне бұрмалануы мүмкін.

AV режимдерін өзгерту

Әрбір AV режимінде оңтайлы кескін және дыбыс параметрлері бар.
Тиісті режимді таңдау үшін **AV MODE** түймесін қайта-қайта басыңыз.

Режим	Сипаттама
Өшірулі	Алдыңғы реттелген параметрлерге өзгерту
Кинотеатр немесе **Кинотеатр**	Кинематографиялық көрініс үшін оңтайлы кескін және дыбыс параметрін пайдалану
Спорттық	Серпінді әрекетті спорт үшін оңтайлы кескін және дыбыс параметрін пайдалану
Ойын	Жылдам ойын үшін оңтайлы кескін және дыбыс параметрін пайдалану PlayStation немесе Xbox арқылы ойын ойнаған кезде, **Game** «Ойын» режимін пайдалану ұсынылады. **Game** («Ойын») режимінде тұрғанда, кескін сапасына қатысты функциялар ойын ойнау үшін оңтайландырылады.

ЕСКЕРТПЕ

- AV режимінде **Өшірулі** күйі қойылса, басында орнатылған сурет пен кескін таңдалады.

Кіріс тізімін пайдалану


Кіріс көзін таңдау

1 **Кіріс** көздеріне қол жеткізу үшін INPUT түймесін басыңыз.
- Қосылған құрылғы әрбір кіріс көзінде көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Басты мәзірде **КІРІС** тармағын таңдап, кіріс көздерінің тізіміне өтуге болады.

2 Кіріс көздерінің біріне жылжу үшін Шарлау түймелері басып, **OK** түймесін басыңыз.
- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.




Кіріс көзі	Сипаттама
Антенна немесе **кабель**	Оны DTV/РАДИО/ТД көру барысында таңдаңыз.
USB	Оны USB пайдалану қосқышқа тәуелді болған кезде таңдаңыз.
AV	Оны бейнемагнитофон немесе сыртқы жабдықты көру барысында таңдаңыз.
Құрамдас	DVD ойнатқышын немесе сандық ТАП құрылғысын пайдалану қосқышқа тәуелді болғанда таңдаңыз.
RGB	Оны компьютерді пайдалану қосқышка тәуелді болған кезде таңдаңыз.
HDMI	Оны DVD ойнатқышын, компьютер немесе сандық ТАП құрылғысын пайдалану қосқышқа тәуелді болғанда таңдаңыз.

Қосылған кіріс көздері қара болып, ал ажыратылған кіріс көздері сұр болып көрінеді.
- Кіріс жапсырмасын қосу шін Көк түймені басыңыз. Әрбір кіріс көзіне қосылған құрылғыны оңай анықтауға болады.

Кіріс жапсырмасын қосу

Әрбір кіріс көзіне қосылған құрылғыны оңай анықтай алатындай етіп кіріс көзіне жапсырма қосыңыз.

- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.



1 Кіріс көздеріне қол жеткізу үшін **INPUT** (КІРІС) түймесін басыңыз.

2 **Blue** (Көк) түймені басыңыз.

3 Кіріс көздерінің біріне жылжу үшін Шарлау түймелерін басыңыз.

4 Кіріс жапсырмаларының біріне жылжу үшін Шарлау түймелерін басыңыз.

5 Реттеп болғаннан кейін, **ШЫҒУ** түймесін басыңыз.

Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **КЕРІ** түймесін басыңыз.

Теледидардағы түймелерді құлыптау (ата-аналық құлып)

Балалар жасауы мүмкін қалаусыз әрекеттерді немесе оқиғаларды болдырмау үшін теледидардағы түймелерді құлыптаңыз.

1 Басты мәзірлерге кіру үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 **LOCK** параметріне жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шарлау түймелерін **Key Lock** параметріне жылжу үшін басып, **OK** түймесін басыңыз.

4 Құлыптау мүмкіндігін қосу үшін **On** күйін таңдаңыз.

- Құлыптау мүмкіндігін ажырату үшін **Off** күйін таңдаңыз.

5 Реттеп болғаннан кейін, **ШЫҒУ** түймесін басыңыз.

Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **КЕРІ** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Теледидарды өшіргеннен кейін соңғы теледидар соңғы параметрді есте сақтап қалады.
- **Батырмаларды бұғаттау** мүмкіндігі қосулы болғанда теледидар өшірілсе, қашықтан басқару құралындағы ⏻, **INPUT**, **P** ∧ ∨ немесе сан түймелерін басыңыз.
- Егер құлыптау мүмкіндігі қосулы теледидардағы кез келген түймені бассаңыз, экранда ⚠ **Key Lock** хабары пайда болады.


Қазақша

Жылдам өту мәзірін пайдалану

Жиі пайдаланылатын мәзірлерді қалауыңызша өзгертіңіз.

1 Жылдам өту мәзірлеріне өту үшін **ЖЫЛДАМ МӘЗІР** түймесін басыңыз.

2 Келесі мәзірлерге жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.



Мәзір		Сипаттама
❶	**Кадр пішімі**	Кескін өлшемін өзгертеді (16:9, Just Scan, Original, Full Wide, 4:3, 14:9, Zoom, Cinema Zoom)
❷	**II таза дауыс**	Басқа дыбыстардан адам дауысын айыру арқылы пайдаланушыларға адам дауысын жақсы естуге мүмкіндік береді.
❸	**Сурет режимі (Үлгіге байланысты)**	Кескін режимін өзгертеді (Vivid («Айқын»), Standard («Стандартты»), APS, Cinema («Кинотеатр»), THX Cinema, THX Bright Room («Жарық бөлме»), Sport («Спорт»), Game («Ойын»), 1-сарапшы, 2-сарапшы)
❹	**Дыбыс режимі**	Дыбыс режимін өзгертеді (Standard («Стандартты»), Music («Музыка»), Cinema («Кинотеатр»), Sport («Спорт»), Game («Ойын»))
❺	**Аудио** немесе **Дыбыс тілі**	Дыбыс шығысын өзгертеді.
❻	**Автосөндіру таймері**	Уақыт ұзақтығын теледидар өшірілгенше дейін орнатады
❼	**Өткізуді өшіру/қосу**	Өткізуді өшіру/қосуды орнатады.
❽	**USB құрылғысы**	USB құрылғысы қосылған кезде USB құрылғысын шығарады

ЕСКЕРТПЕ

- Бар мәзірлер және опциялар қолданыстағы кіріс көзінен өзгеше болуы мүмкін.

3 Қажетті опция өту үшін, Жылжу түймелерін басыңыз.

4 Реттеп болғаннан кейін, **ЖЫЛДАМ МӘЗІРІтүймесін басыңыз.**

Тұтынушы қолдауын пайдалану

Бағдарлама жаңартуын тексеру

Бағдарламаны сандық жерүсті хабар тарату жүйесі арқылы жүктеп алу үшін.

1 Басты мәзірге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 **Тұтынушы қолдауына** жылжу үшін Қызыл түймені басыңыз.


3 Шарлау түймелерінің көмегімен **Бағдарламаны жаңарту** тармағына жылжып барыңыз.

4 On күйіне жылжу үшін **Шарлау түймелерін** басып, **OK** түймесін басыңыз.
- Егер **Қосулы** күйі таңдалса, жаңа бағдарламалық құрал табылғанын ескерту үшін пайдаланушы растауы терезесі пайда болады.


5 Жұмысты аяқтаған кезде **ШЫҒУ** түймесін басыңыз.
Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **КЕРІ** түймесін басыңыз.

«Бағдарламаны жаңарту» орнатқан кезде


- Кейде, жаңартылған цифрлық бағдарламалық ақпараттың жіберілуі теледидардың экранында келесі мәзірде болдырады.




- Қарапайым жаңарту: қазіргі жаңарту ағымы үшін



- Кестені жаңарту: жоспарланған жаңарту ағымы үшін
- Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту мәзірі “**Өшіру**” болған кезде, оны “**Қосу**” туралы хабар пайда болады.
- «**Иә**» таңдалған кезде, файлды қотару басталады. Осы кезде қотару барысын көрсететін қалқымалы терезе көрінбейді.
- Қотару барысын Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту мәзірінде тексеруге болады.



- Жүктеу аяқталғанда, теледидар өшіп, қайта қосылады.



ЕСКЕРТПЕ

- **Бағдарламалық құралдың жаңартылуы** барысында мынаны есте сақтаңыз:
  - Теледидарға қоректенудің берілуі үзілмеу керек.
  - Антеннаны ажыратуға болмайды.
  - **Бағдарламалық құрал жаңартылғаннан** кейін оның жаңа нұсқасын Бағдарламалық құралды жаңарту мәзірінде растауға болады.
  - Бағдарламалық жасақтаманы қотарып алу үшін бірнеше сағат керек, сондықтан қотару кезінде қуаттың болуын қадағалаңыз.
  - Бағдарламалық жасақтама тек күту режимінде немесе Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту қызметі бар MUX-те қотарылады және қуат сымы суырылғанда немесе Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту қызметінсіз MUX қараған кезде тоқтайды.
  - Сіз Күту режиміне немесе Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту қызметі бар MUX-ке оралғанда, бағдарламалық жасақтаманы қотару тоқтаған жерінен қайта басталады.

Суретті / дыбысты тексеру

Сурет және дыбыс тексеруін орындау үшін.

1 Басты мәзірге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 **Тұтынушы қолдауына** жылжу үшін Қызыл түймені басыңыз.

3 **Суретті тексеру** немесе **Дыбысты тексеру** параметріне жылжу үшін Шарлау түймелерін басыңыз.

4 Иә параметріне жылжу үшін **Шарлау** түймесін басып, **OK** түймесін басыңыз.

5 Аяқтаған кезде **ШЫҒУ** түймесін басыңыз. Алдыңғы мәзірге қайтқан кезде **АРТҚА** түймесін басыңыз.

Сигнал тексеруді пайдалану

Өндіруші, үлгі/түрі, сериялық нөмірі және бағдарлама нұсқасы туралы қосымша ақпарат алу үшін.

1 Басты мәзірге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 **Тұтынушы қолдауына** жылжу үшін Қызыл түймені басыңыз.

3 Сигнал тексеруге жылжу үшін **Шарлау түймелерін** басыңыз.

4 **OK** түймесін басыңыз.
- Өндіруші, үлгі/түрі, сериялық нөмірі, бағдарлама нұсқасы және арна туралы ақпарат.

5 Аяқтаған кезде **ШЫҒУ** түймесін басыңыз. Алдыңғы мәзірге қайтқан кезде **АРТҚА** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Бапталған мультиплексордың сигнал күшін және ақпаратты көрсетеді.
- Сигнал және таңдалған мультиплексордың қызметтік аты туралы ақпаратты көрсетеді. (*MUX: сандық таратудағы арналардың жоғарғы директориясы (дара MUX түрлі арналарды қамтиды.))

Өнімді немесе қызмет ақпаратын пайдалану

Өнімді немесе қызмет ақпаратын тексеру үшін

1 Басты мәзірге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 **Тұтынушы қолдауына** жылжу үшін Қызыл түймені басыңыз.

3 **Өнім/қызмет ақпаратына** жылжу үшін Шарлау түймелерін басыңыз. Үлгіге негізделген әртүрлі өнім/қызмет ақпаратын тексеруге болады.

4 Аяқтаған кезде **ШЫҒУ** түймесін басыңыз. Алдыңғы мәзірге қайтқан кезде **АРТҚА** түймесін басыңыз.

3D БЕЙНЕ

(Тек 3D үлгілерінде)

3D технологиясы

Бұл теледидар 3D тарату арқылы немесе Blu-ray 3D ойнатқышы сияқты үйлесімді құрылғыға қосылғанда 3D форматында көрсете алады. Теледидарды 3D форматта көру үшін осындай құрылғы керек. 3D теледидары әрбір көз үшін пішімделген екі бөлек суретті көрсетеді. Бұл бейнелерді 3D форматта көру үшін, көруші 3D көзілдірігін киюі керек.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- 3D бейнелерді көргенде теледидарды тиімді көру бұрышынан және тиісті қашықтықтан көру маңызды болады. Тиісті бұрыш және қашықтық осы нұсқаулықтың келесі бетінде берілген. Осы көру бұрышынан немесе қашықтығынан ассаңыз, 3D бейнелеуі көрінбеуі мүмкін. Оған қоса, 3D бейнелерді жатып қарағанда көрінбеуі мүмкін (ЖД СКД теледидары үшін).
- 3D бейнелерін тым жақын қашықтықтан немесе ұзақ уақыт бойы көрсеңіз, ол көру қабілетіңізге зиян тигізуі мүмкін.
- Ұзақ уақыт бойы 3D көзілдірікпен 3D бейнелерін теледидардан көру немесе 3D бейне ойындарын ойнау ұйқышылдыққа, бас ауруына және/немесе көздің шаршауына әкелуі мүмкін. Басыңыз ауырса, шаршасаңыз немесе ұйқылы болсаңыз, теледидар қарауды тоқтатып, демалыңыз.
- Жүкті әйелдер, кәрі, жүрек ауруы бар адамдар немесе ұйқышылдық жиі болатын адамдар 3D теледидарын көрмеуі керек.
- Кейбір 3D бейнелеуде бейнеде көрсетілген суреттен басыңызды июіңіз немесе тартып қалуыңыз мүмкін. Сондықтан, 3D теледидарды тез сынатын немесе құлату оңай заттардың жанында көрмеу керек.
- 5 жасқа толмаған балаларға 3D теледидарын көрсетпеңіз. Бұл олардың көру қабілетіне әсер етуі мүмкін.
- Фотосенсибилизациялық пароксизм қаупі: кейбір көрушілер теледидардағы немесе бейне ойындардағы жыпылықтайтын жарық немесе сурет сияқты факторлар болғанда пароксизм ауруына немесе эпилепсияға ұшырауы мүмкін. Сізде немесе жанұяңыздағы біреуде эпилепсия немесе пароксизм ауруы бар болса, 3D теледидарды көрмес бұрын, дәрігермен кеңесіңіз. Бұрын орын алмаған болса да, нақты анықталмаған жағдайларда келесі симптомдар пайда болуы мүмкін. Егер төмендегі белгілерді сезсеңіз, 3D бейнелерді қарауды дереу тоқтатып, дәрігермен кеңесіңіз: бас айналса немесе жай ауырса, алдындағы көріністер ауысса немесе өзгере бастаса, көздің немесе бұлшық еттің тартылуы сияқты көздің немесе беттің тұрақсыздығы пайда болса, еріктен тыс әрекеттер жасалса, сіңір тартылса, естен тану, шатасу, бағыттан адасу, тырысу немесе жүрек айну орын алса. Ата-аналар балаларда, сонымен қатар жасөспірімдерде осы белгілерді бақылауы керек, өйткені олардың 3D теледидарды көру әсерлеріне сезімталдығы жоғарырақ болуы мүмкін.
- Фотосенсибилизациялық пароксизм қаупін келесі әрекеттердің көмегімен азайтуға болады.
  - » 3D теледидарды көргенде жиі үзілістер жасаңыз.
  - » Әр көзінің көру қабілеті екі түрлі адамдар теледидарды көруін түзету шараларын қолданғаннан кейін көруі керек.
  - » Теледидарды көздеріңіз 3D экранымен бір деңгейде болатындай көріңіз және теледидарға тым жақын отырмаңыз.
  - » Шаршағанда немесе аурып тұрғанда 3D бейнелерін көрмеңіз және ұзақ уақыт бойы көруден сақтаныңыз.
  - » 3D көзілдірікті 3D теледидарда 3D бейнелеуді көруден басқа ешбір мақсатта кимеңіз.
  - » Кейбір көрушілер 3D теледидарды көргеннен кейін бағыттан адасуы мүмкін. Сондықтан, 3D теледидарды көргеннен кейін қозғалмас бұрын қайта орналасқаныңызды біліп алыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Теледидарды 3D форматта көру үшін 3D көзілдірікті кию керек. Ең жақсы нәтижеге жету үшін LG маркалы 3D көзілдірігін кию керек. Басқа маркалы 3D көзілдірікті пайдаланғанда, 3D бейнелеу тиісті түрде көрсетілмеуі мүмкін. 3D көзілдірікті пайдалану бойынша нұсқауларды 3D көзілдірік нұсқаулығынан қараңыз.
- Теледидарды қосқаннан кейін теледидардың дәлденуіне бірнеше секунд кетуі мүмкін.
- Теледидардан басқа жаққа қарап, көздеріңізді қайтадан 3D бағдарламаға қайтарғанда, 3D бейнелеуді көру үшін бір сәт кетуі мүмкін.
- 3D бейнелеуі толқын ұзындығы 3 түрлі шамның флуоресцентті жарығында (50 - 60 Гц) немесе магниттік флюоресценттік шамның астында (50 - 60 Гц) көрсетілгенде, теледидар экраны біраз дірілдеуі мүмкін. Мұндай жағдайларда, жарықты өшіру ұсынылады.
- Теледидар мен 3D көзілдірік арасында кедергі болса, 3D бейнелеу тиісті түрде көрсетілмеуі мүмкін.
- Теледидарды басқа электронды және РЖ жабдықтарының жанында пайдаланбаңыз.
- 2D бейнелерін көргенде, 3D көзілдірігін шешу ұсынылады. 2D бейнелерін 3D көзілдірігімен көргенде, кескін бұрмаланып көрінуі мүмкін.

3D көзілдірікті пайдаланғанда

ЕСКЕРТУ

- 3D көзілдірік бөлек сатылады. Пайдалану бойынша нұсқауларды 3D көзілдірік нұсқаулығынан қараңыз.
- Түзететін, күнге қарсы немесе қорғайтын көзілдіріктің орнына 3D көзілдірікті пайдаланбаңыз.
- 3D көзілдірікті ыстық немесе суық жерлерде сақтамаңыз.
- 3D көзілдірікке заттарды түсірмеңіз. Көзілдірікті түсірмеңіз немесе майыстырмаңыз.
- 3D көзілдірік линзалары тез сызылатындықтан, тек жұмсақ матамен тазалаңыз. Матаны пайдалану алдында бүкіл шаңды қағыңыз, өйткені көзілдірік тез сызылады.

3D бейнелеуді көру ауқымы

Теледидар өлшемі, көру бұрышы және басқа жағдайлар көру қашықтығы мен көру бұрышын өзгертуі мүмкін.

Көру қашықтығы	2 м - 10 м
Көру бұрышы	120º (Қарау қашықтығы 2 м болғанда)


3D бейнелеуді қарау

1 3D форматта жасалған бейнені ойнатыңыз.

2 **3D** форматын таңдаңыз.

3 **3D бейне** немесе **2D бейне** дегенге жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.


4 Кескінге жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.

Режим	Сипаттама
2D » 3D	2D бейнесінен 3D бейнесіне өзгертілді. 
Жанынан жанына	
Үсті және асты	
Checker Board	
Frame Sequential	


5 3D көзілдірігін киіңіз.


6 **OK** тармағына жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.

• Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.



7 **3D** түймесін **3D режимін өшіру** немесе **2D режимін өшіру** үшін басыңыз.







3D жылдам өту мәзірінің параметрін пайдалану

1 **3D SETTING** түймесін басыңыз.

2 Use the following options while viewing 3D imaging.



немесе



(үлгіге байланысты)

Түйме	Сипаттама
3D кескінінің пішіні	Суреттің сыртқы жиектерін қиып алып, оны 3D режиміндегі толық экранға қиысатындай етіп созыңыз.
3D Depth	2D режимінен 3D режимінде 3D әсерін жақсарту үшін суреттегі нысан мен өң арасындағы қашықтықты реттейді.
3D қарау нүктесі	3D режимінде 3D әсерін жақсарту үшін суретті (оның ішінде нысан мен өң кескіндері бар) алдыға немесе артқа апарады.
3D сурет Баланс	3D режиміндегі суреттің оң және сол жағының арасындағы түс пен жарықтықты реттейді.
3D сурет жинағы	3D режимінде суреттің оң және сол жағындағы кескіндердің кезегін өзгертеді.
Image View Mode	**2D → 3D** немесе **3D → 2D** параметрін таңдаңыз.
3D Image Type	**Сол жақ/Оң жақ** тармағын таңдаңыз.

ЕСКЕРТУ

- Теледидарды 3D форматында көргенде кейбір мәзірлер жұмыс істемеуі мүмкін.
- 2D көзде 3D әсері қолданылса, 3D жұмыс істемеуі мүмкін.
- Сандық теледидар арналарын немесе кіріс көзін қосқанда, 3D бейнелеуі автоматты түрде өшеді.
- 2D DTV бейнелерін 3D бейнелеу режимінде көрсеңіз, экран дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.
- 3D әсерді теледидарға жіберілетін 3D кіріс сигналы үшін 3D режимі дұрыс таңдалса көруге болады.
- *mpo файлдары үшін (3D камера файлдары) 3D бейнелеу режимі автоматты түрде қосылады.
- Кейбір компьютерлік графика карталарында 3D бейнесі дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ

* Тек СКД теледидарында/ЖД СКД теледидарында


- 3D mode параметрі таңдалса, «Қуат көрсеткіші» автоматты түрде өшеді.
- 3D бейнені көріп жатқанда, мәзірді пайдаланып, бейне немесе дыбыс параметрлерін реттеу мүмкін емес.
- Қашықтан басқару құралындағы **AV MODE** («Дыбыс/бейне режимі») түймесі арқылы «Стандартты → Кинотеатр → Ойын» тармағын ғана таңдауға болады. 3D режимінде ойнатылып жатқанда, AV режимі Стандартты ретінде орнатылады.
- Егер *.mpo файлын (3D камерасының файлы) пайдаланып артқы фон музыкасын ойнату керек болса, артқы фон музыкасының мазмұн жолы *.mpo файлы (3D камерасының файлы) болмаған толық өлшемді фотосурет көру экранына орнатылуы тиіс.
- 3D режиміне кіргенде, бейне режимі «Стандартты», ал «Энергияны үнемдеу» «Сөндіру» күйіне орнатылады.

КӘСІПОРЫН

Сымды желіге қосылу

(Үлгіге байланысты)

Теледидарды жергілікті желіге (LAN) LAN порты арқылы келесі суретте көрсетілгендей қосыңыз және желі параметрлерін орнатыңыз.
Сымды және сымсыз желілердің екеуі де қолжетімді болса, сымды желіні қолдану жақсырақ болады.
Жалғағаннан кейін үй желілірінің кейбіреулері теледидар желілер параметрлерінің реттелуін сұрауы мүмкін. Үй желілерінің көпшілігі үшін ТД ешбір баптауларсыз автоматты түрде қосылады.
Қосымша мәлімет алу үшін интернет провайдеріне хабарласыңыз немесе маршрутизатор нұсқаулығын қараңыз.



ЕСКЕРТУ

- Модульдік телефон кабелін LAN портына жалғамаңыз.
- Байланыс құрудың әр түрлі әдісі болғандықтан, телекоммуникация қызметін жеткізуші компаниясының немесе интернет қызметі провайдерінің нұсқауларын орындаңыз.

Желі параметрлерін орнату үшін: (тіпті ТД автоматты түрде қосылған болса да, орнату шеберін қайта іске қосу ештеңені зақымдамайды),

1. Басты мәзірге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.
2. Жылжу түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.
3. Шарлау түймелерін басып, **ЖЕЛІ** тармағына өтіп, **OK** түймесін басыңыз.
4. Шарлау түймелерін басып, **Желі параметрі** тармағын таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
5. Егер сымды және сымсыз желілер бір уақытта қосылған болса, шарлау түймелерін басып **Сымды** желіні таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
6. Егер Желі параметрін орнатып қойған болсаңыз, **Қалпына келтірілуде** пәрменін таңдаңыз. Жаңа байланыс параметрлері ағымдағы желі параметрлерін қалпына келтіреді.
7. **IP авто параметрі** немесе **IP қолмен параметрі** параметрін таңдаңыз.
   - Егер **IP қолмен параметрі** параметрін таңдасаңыз, шарлау және сандық түймелерін басыңыз. IP мекенжайларын қолмен енгізу қажет болады.
   - **IP авто параметрі**: сымды байланыс арқылы істеп тұрған жергілікті желіде DHCP сервері (маршрутизатор) болса, осы параметрді таңдаңыз. Теледидар автоматты түрде IP мекенжайын табады. DHCP (Басты компьютерді реттеудің динамикалық протоколы) сервері функциясы бар кең жолақты желі маршрутизаторын немесе модемін қолданған жағдайда. IP мекенжайы автоматты түрде анықталады.
   - **IP қолмен параметрі**: желіде DHCP сервері болмаса немесе IP мекенжайын қолмен реттеу қажет болса, таңдаңыз.
8. Аяқтағанда **ШЫҒУ** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Теледидарда интернетке тікелей қосылғыңыз келсе, интернетке жалғану мүмкіндігі әрдайым қосулы болуы қажет.
- Интернетке қосыла алмасаңыз, желідегі компьютерден желі жағдайын тексеріңіз.
- Network Setting (Желі параметрі) **пәрмені қолданылғанда,**, LAN кабелін немесе рутердегі DHCP қосулы тұрғандығын тексеріңіз.
- Желі параметрлерін реттеуді аяқтамасаңыз, желі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

Желі параметрлерін орнату жайлы ескертулер

- Бұл теледидармен стандартты LAN кабелін қолданыңыз. RJ45 жалғағышы бар Cat5 немесе одан жақсысын пайдаланыңыз.
- Реттеу барысында орын алатын көптеген желі байланысының ақауларын рутерді немесе модемді сөндіріп және қайта қосып, жоюға болады. Ойнатқышты үй желісіне жалғағаннан кейін, қуатты жылдам өшіріңіз және / немесе үй желі рутерінің немесе кабельді модемнің қуат кабелін ажыратыңыз. Одан кейін қуатты қосыңыз және / немесе қуат кабелін қайта жалғаңыз.
- Интернет қызметінің провайдеріне қарай интернет қызметін қабылдайтын құрылғылар саны тиісті қызмет шарттарымен шектелуі мүмкін. Қосымша мәлімет алу үшін интернет қызметінің провайдеріне хабарласыңыз.
- LG компаниясы байланыс қателеріне / кең жолақты желінің интернет байланысына және жалғанған басқа жабдықтарға қатысты ақаулардан пайда болатын теледидардың және / немесе интернет байланысы функциясының ақауларына жауапты болмайды.
- LG компаниясы интернет байланысындағы ақауларға жауапты болмайды.
- Желі байланысы арқылы қолжетімді болатын кейбір мазмұн түрлері теледидармен үйлесімді болмауы мүмкін. Мұндай мазмұн туралы сұрақ туындайтын болса, мазмұнның өндірушісіне хабарласыңыз.
- Желі байланысының жылдамдығы қолданыстағы мазмұнның талаптарына сай болмаса, орынсыз нәтижелер туындауы мүмкін.
- Кейбір интернетке қосылу әрекеттері кең жолақты желі интернет байланысын қамтамасыз ететін интернет провайдері орнатқан белгілі шектеулерге байланысты жасалмауы мүмкін.
- Интернет провайдері алатын кез келген ақыны, соның ішінде және ешбір шектеусіз, байланыс ақысын сіз төлейсіз.
- Осы теледидарға қосылу үшін 10 Base-T немесе 100 Base-TX LAN порты қажет. Интернет қызметі бұндай байланысқа рұқсат бермесе, теледидарды жалғау мүмкін болмайды.
- DSL қызметін қолдану үшін DSL модемі, ал кабельді модем қызметін пайдалану үшін кабельді модем қажет. Интернет провайдерінің кіру әдісіне және онымен жасалған жазылушы келісім-шартына қарай осы теледидардағы интернет байланысы мүмкіндігі қолжетімсіз болуы немесе бір уақытта жалғанатын құрылғылар саны шектелуі мүмкін. (Интернет провайдері жазылымды бір құрылғыға шектейтін болса, компьютер жалғанған уақытта теледидарды жалғауға рұқсат етілмеуі мүмкін.)
- «Рутердің» пайдалану рұқсат етілмеуі мүмкін немесе оның қолданысы интернет провайдерінің саясатына және шектеулеріне қарай шектелуі мүмкін. Толық ақпарат алу үшін тікелей Интернет провайдерімен хабарласыңыз.


Желі күйі

1. Басты мәзірге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.
2. Шарлау түймелерін басып **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.
3. Шарлау түймелерін басып, **ЖЕЛІ** тармағына өтіп, **OK** түймесін басыңыз.
4. Шарлау түймелерін басып, **Желі күйі** тармағын таңдаңыз.
5. Аяқтағанда **ШЫҒУ** түймесін басыңыз.

Ерекшеліктер	Сипаттама
Параметр	Желіні реттеу мәзіріне оралу.
Тексеру	Желіні реттегеннен кейін ағымдағы желі күйін тексеріңіз.
Close («Жабу»)	Алдыңғы мәзірге қайтыңыз.

USB жад құрылғысын қосу

USB флэш жады, сыртқы қатты диск сияқты USB жад құрылғыларын теледидарға жалғап, мультимедиа мүмкіндіктерін пайдаланыңыз. (55-беттегі «Файлдарды шолу» тарауын қараңыз).
USB флэш жадын немесе USB жад картасын оқу құрылғысын теледидарға төмендегі суретте көрсетілгендей етіп қосыңыз. Менің медиа экраным пайда болады.



USB жад құрылғысын ажырату үшін теледидар немесе файлдарға зақым келмеуі үшін қосылымды дұрыс аяқтаңыз.

1 Жылдам өту мәзірлеріне қол жеткізу үшін **Жылдам мәзір** түймесін басыңыз.

2 **USB құрылғысына** жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.

3 Шығару пәрменіне жылжу үшін **Шарлау** түймесін басып, **OK** түймесін басыңыз.

4 USB жад құрылғысын шығаруға болатынын хабарлайтын хабар шыққаннан кейін ғана ажыратыңыз.

ЕСКЕРТУ

- USB жад құрылғысы теледидарға қосулы кезде теледидарды өшірмеңіз немесе USB жад құрылғысын алып тастамаңыз, ол файлдардың жоғалуына немесе USB жад құрылғысының бұзылуына себеп болады.
- USB жад құрылғысына сақталған файлдардың көшірмесін жиі жасап тұрыңыз, файлдарды жоғалуы немесе бүлінуі мүмкін, олар кепілдікте қамтылмаған.

USB жад құрылғыларын пайдалану туралы кеңестер

- Тек USB жад құрылғысы танылады.
- USB жад құрылғысы USB хабы арқылы жалғанған болса, құрылғы танылмайды.
- Автоматты түрде тану бағдарламасын пайдаланатын USB дерек сақтау құрылғысы танылмауы мүмкін.
- Өз драйверін қолданатын USB жад құрылғысы танылмауы мүмкін.
- USB дерек сақтау құрылғысын тану жылдамдығы құрылғыға байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
- Жалғанған USB дерек сақтау құрылғысы жұмыс істеп тұрғанда теледидарды өшірмеңіз немесе USB құрылғысын ажыратпаңыз. Осындай құрылғы кенет ажыратылғанда немесе суырылғанда, сақталған файлдар немесе USB дерек сақтау құрылғысы зақымдануы мүмкін.
- Компьютерде жасанды түрде басқарылған USB дерек сақтау құрылғысын жалғамаңыз. Бұл құрылғы өнімді бұзуы немесе оның ойнатпауына себеп болуы мүмкін. Музыкалық файлдары, сурет файлдары немесе фильм файлдары қалыпты USB жад құрылғысын қолданыңыз.
- Windows амалдық жүйесімен берілген FAT32, NTFS файлдық жүйелері түрінде пішімделген USB жад құрылғысын ғана пайдаланыңыз. Windows жүйесі қолдамайтын басқа бір утилиталық бағдарлама ретінде пішімделген жағдайда, сақтау құрылғысы танылмауы мүмкін.
- Сыртқы қуат көзін қажет ететін USB жад құрылғысына (0,5 A-ден артық) қуат беріңіз. Әйтпесе, құрылғы танылмауы мүмкін.
- USB жад құрылғысын құрылғының өндірушісі ұсынған кабельмен жалғаңыз.
- Кейбір USB дерек сақтау құрылғыларына дұрыс қолдау көрсетілмеуі немесе олар жақсы жұмыс істемеуі мүмкін.
- USB жад құрылғысының файлды туралау әдісі Window XP жүйесінікіне ұқсас және файл атауы 100 ағылшын тілінің таңбаларын таниды.
- USB жад құрылғысында сақталған деректердің зақымдалу қаупі болғандықтан, маңызды файлдардың сақтық көшірмесін жасауды ұмытпаңыз.

Кез келген деректердің жоғалуына жауапты болмаймыз.

- USB HDD жетегінің сыртқы қуат көзі болмаса, USB құрылғысы анықталмауы мүмкін. Сондықтан, сыртқы қуат көзін жалғауды ұмытпаңыз.
  - Сыртқы қуат көзі үшін қуат адаптерін қолданыңыз. Сыртқы қуат көзі үшін USB кабелі қамтамасыз етілмейді.
- USB жад құрылғысында бірнеше бөлімі болса немесе бірнеше карталық USB оқу құралын пайдаланған жағдайда, 4 бөлімді немесе USB жад құрылғысын қолдануға болады.
- USB жад құрылғысы бірнеше карталық USB оқу құралына жалғанған болса, оның көлемі туралы деректер анықталмауы мүмкін.
- USB жад құрылғысы дұрыс істемесе, оны ажыратып, қайта жалғаңыз.
- USB жад құрылғысының анықталу жылдамдығы құрылғыға қарай әртүрлі болады.
- USB құрылғысы күту режимінде жалғанған болса, теледидар қосылғанда арнайы қатты диск автоматты түрде жүктеледі.
- Сыйымдылығы 1 ТБ немесе одан аз USB сыртқы қатты дискі және 32 ГБ немесе одан аз USB жад құрылғысын пайдалану ұсынылады.
- Көлемі ұсынылғаннан жоғары болатын кез келген құрылғы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- «Энергияны үнемдеу» функциясы бар сыртқы USB қатты дискісі істемесе, дұрыс істеуі үшін қатты дискіні өшіріп, қайта қосыңыз.
- USB 2.0 нұсқасынан төмен USB жад құрылғыларына да қолдау бар. Бірақ ол фильмдер тізімінде дұрыс істемеуі мүмкін.
- Бір қалта ішінен көп дегенде 999 қалта немесе файл танылады.

Файлдарды шолу

Фотосурет, музыка немесе фильм тізімдеріне қол жеткізу және файлдарды шолу.


1 Connect a USB storage device.

2 Негізгі мәзірлерге жылжу үшін **Негізгі** түймесін басыңыз.

3 **Мультимедиа** армағына жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** үймесін басыңыз.

4 **ФОТО ТІЗІМ**, **МУЗЫКА ТІЗІМ** немесе **Кино ТІЗІМ** тармағына жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.





No.	Сипаттама
1	Жоғары деңгейдегі қалтаға жылжиды
2	Ағымдағы бет / барлық беттер саны
3	Қашықтан басқару пультіндегі сәйкес түймелер
4	Ағымдағы бет / барлық беттер саны Қалтадағы мазмұндар орны 1
5	Қалтадағы мазмұндар орны 1
Түйме	**Сипаттама**
Жасыл түйме	**жасыл** түймешікті қайта-қайта басып, **Фото тізімі->Саз тізімі**, **Саз тізімі->Фильм Тізімі** немесе **Фильм Тізімі->Фото тізімі** ауыстырыңыз.
Сары түйме	5 үлкен нобай немесе жай тізім түрінде қарау әдісі.
Көк түйме	**таңбалау** режиміне айналдыру.

Қолдау көрсетілетін файл пішімі

Түр	Қолдау көрсетілетін файл пішімі			
Фильм	DAT,MPG,MPEG,VOB,AVI,DIVX,MP4,MKV ,TS,TRP,TP,ASF,WMV,FLV) **Фильм** (*.mpg/*.mpeg/*dat/*.ts/*.trp/*.tp/*. vob/*.mp4/*.mov/*.mkv/*.dvix/*.avi/*.asf/*. wmv/*.flv/*.avi(motion-jpeg)/*. mp4(motion-jpeg)/*.mkv(motion-jpeg)) пішімдерін қолдайтын файл **Бейне пішімі:** DivX3.11, DivX4.12, DivX5.x, DivX6, Xvid1.00, Xvid1.01, Xvid1.02, Xvid1.03, Xvid1.10 beta-1/beta-2, Mpeg-1, Mpeg-2, Mpeg-4, H.264/AVC, VC1, JPEG, Sorenson H.263 **Дыбыс пішімі**: Dolby Digital, AAC, Mpeg, MP3, LPCM, HE-AAC, ADPCM, WMA **Бит жылдамдығы**: 32 - 320 Кбит/с (MP3) аралығында **Сыртқы субтитр пішімі**: *.smi/*.srt/*.sub (MicroDVD,Subviewer1.0/2.0)/*.ass/*.ssa/*. txt(TMPlayer)/*.psb(PowerDivX) **Ішкі субтитр пішімі**: XSUB (Бұл DivX6 файлдарында пайдаланылатын субтитр пішімі)			
Фото	JPEG Негізгі жол: 64 x 64-15360 x 8640 Озық: 64 x 64-1920 x 1440 • Тек JPEG файлдарын ғана ойната аласыз. • Қолдауы жоқ файлдар алдын ала белгіленген белгіше түрінде көрсетіледі.			
	Тек 3D үлгілерінде			
		Файл атауының кеңейтілімі	Элемент	Профиль
	2D	jpeg jpg jpe	қолдауы бар файл пішімі	• SOF0: негізгі жол • SOF1: кеңейтілген бірізді • SOF2: прогрессивті
			фотосурет өдшемі	• Ең кішісі: 64 X 64 • Ең үлкені - қалыпты түрі: 15360 (Е) X 8640 (Б) • Прогрессивті түрі: 1920 (Е) X 1440 (Б)
	3D	mpo	қолдауы бар файл пішімі	mpo
			фотосурет өдшемі	• 4:3 өлшемі: 3,648 x 2,736 2,592 x 1,944 2,048 x 1,536 • 3:2 өлшемі: 3,648 x 2,432
Музыка	MP3 Бит жылдамдығы: 32-320 • MPEG1 3-деңгей таңдау жиілігі: 32 кГц, 44,1 кГц, 48 кГц • MPEG2 3-деңгей таңдау жиілігі: 16 кГц, 22,05 кГц, 24 кГц • Дискретизация жиілігі MPEG2,5 3-деңгей: 8 кГц, 11,025 кГц, 12 кГц			

Фильмдер көру

Бейне файлдарын теледидарда ойнату.
Теледидарыңыз
USB жад құрылғысына немесе
Компьютердегі ортақ қалтаға сақталған барлық файлдарды көрсетеді.

1 **Менің мультимедиа** тармағына жылжу үшін

Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.

2 **Фильм тізімі** тармағына жылжу үшін

Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.


3 Қосылған USB жад құрылғысына қол жеткізу үшін **Drive1** опциясын таңдаңыз.


4 Қажетті қалтаға жылжу үшін Шарлау

түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.

5 Қажетті файлға жылжу үшін Шарлау

түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.





Мәзір	Сипаттама
Белгіленгенді ойнату	Таңдалған кинофильм файлын ойнату. Файл ойналып болғаннан кейін келесі таңдалған файл автоматты түрде ойналады.
Бәрін белгілеу	Бейнебеттегі барлық кинофильм файлдарын таңбалаңыз.
Бәрін белгілемеу	Барлық таңбаланған кинофильм файлдарының таңбасын алып тастаңыз.
Белгілеу күйінен шығу	**Белгілеу күйі** режимінен шығыңыз.

6 Фильмді ойнатыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Қолдауы жоқ файлдардың алдын ала көру бейнесі тек белгіше түрінде көрсетіледі.
- Қалыпты емес файлдар биттік кескін түрінде көрсетіледі.

7 Келесі түймелерді басып, ойнатуды басқарыңыз.



Түйме	Сипаттама
■	Ойнатуды тоқтатады
▶	Бейнені ойнатады
❚❚	Ойнатуды кідіртеді немесе жалғастырады
◀◀	Файлда артқа қарай іздейді
▶▶	Файлда алдыға қарай іздейді
Негізгі немесе **Жылдам мәзір**	**Параметр** мәзірін көрсетіңіз.
КЕРІ	Толық өлшемді экранда мәзірді жасырыңыз.
ШЫҒУ	Кино тізімі параметріне қайтыңыз.
< немесе >	Ойнату барысында файлдағы арнайы нүктелерге өткізеді. Арнай нүктенің уақыты күй жолағында пайда болады. Кейбір файлдарда, бұл функция дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
ENERGY SAVING («ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ»)	Экранның жарықтығын өзгерту үшін, **ENERGY SAVING** («ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ») түймесін қайта-қайта басыңыз.
AV MODE («Дыбыс-бейне режимі»)	Қажет сигнал көзі таңдалғанша, AV MODE («AV РЕЖИМІ») түймесін баса беріңіз.

Бейне файлдарын ойнату туралы кеңестер

- Пайдаланушы жасаған кейбір субтитрлер істемеуі мүмкін.
- Кейбір ерекше таңбаларға субтитрлерде қолдау көрсетілмейді.
- HTML тэгтеріне субтитрлерде қолдау көрсетілмейді.
- Қолдау көрсетілетін тілдерден тыс тілдердегі субтитрлерге қолдау көрсетілмейді.
- Дыбыс тілі ауыстырылғанда, экранда уақытша кедергі (бейненің тоқтап қалуы, жылдамырақ ойнатылу, т.б.) орын алуы мүмкін.
- Зақымданған фильм файлы дұрыс ойнатылмауы мүмкін, сондай-ақ кейбір ойнатқыш функциялары қолдануға жарамсыз болады.
- Кейбір кодерлермен шығарылған фильм файлдары дұрыс ойнатылмауы мүмкін.
- Жазылған файлдың бейне және аудио құрылымы алмаспаса, не бейне, не дыбыс шығарылады.
- Кадрға байланысты, ажыратымдылығы ең көбі 1920x1080@25/30P немесе 1280x720@50/60P болатын HD бейнелеріне қолдау көрсетіледі.
- Кадрға байланысты, ажыратымдылығы 1920X1080@25/30P немесе 1280x720@50/60P мәндерінен артық болатын бейнелер дұрыс істемеуі мүмкін.
- Берілген түрлер мен форматтардан өзгеше фильм файлдары дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Ойнатылатын фильм үшін биттің ең жоғары берілу жылдамдығы — 20 Мбит/с. (only, Motion JPEG: 10 Мбит/с)
- H.264/AVC стандарттарында кодталған деңгейі 4.1 немесе одан жоғары болатын профильдердің кедергісіз ойнатылуына кепілдік жоқ.
- DTS аудио кодегіне қолдау жоқ.
- Өлшемі 30ГБ-тан көп болатын фильм файлы ойнатылмайды.
- DivX фильм файлы және оның субтитр файлы бір қалтада орналасуы тиіс.
- Көрсетілуі үшін, бейне файлының атауы мен субтитрінің файл атауы бірдей болуы тиіс.
- Жоғары жылдамдықты қолдамайтын USB байланысы арқылы бейне дұрыс ойнатылмауы мүмкін.
- GMC (Жалпы қозғалыс компенсациясы) арқылы шифрланған файлдар ойнатылмауы мүмкін.
- Фильмді Movie List («Көркем фильмдер тізімі») функциясы арқылы көріп жатқанда, Energy Saving («Энергияны үнемдеу») және қашықтан басқару құралындағы AV Mode («AV режимі») пернесі арқылы бейнені реттеуге болады. Әрбір көрініс үшін пайдаланушы орнатымы жұмыс істемейді.

Бейне нүктелері

1 **ЖЫЛДАМ МӘЗІР** түймесін басып, **қалқымалы** мәзірлерге өтіңіз.

2 **Бейне ойнатуды орату, Бейнені орнату.** немесе **Аудио орнатыңыз. тармақтарына өтіңіз.** және **OK** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- **Фильм тізімінде** өзгертілген мәндер **Фото тізімі** және **Музыка тізімі** параметрлеріне әсер етпейді.
- **Фото тізімі** мен **Музыка тізімі** параметрлерінде өзгертілген мән **Фото тізімі** мен **Музыка тізімі** параметріндегі сияқты өзгереді, бірақ **Фильм тізімі** өзгермейді.
- Бейнефайл тоқтағаннан кейін қайта ойнатқан кезде, алдыңғы тоқтаған жерден бастап ойнатуға болады.

Бейне ойнатуды орнатыңыз параметрі таңдалғанда,

1 Жылжу түймелерінің көмегімен жылжып, **Сурет Көлемі, Аудио Тілі, Субтитр тілі** немесе **Қайталау** тармақтарын таңдаңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен жылжып, тиісті реттеулер жасаңыз.

Мәзір	Сипаттама
Сурет өлшемі	Фильмді ойнату барысында қажетті сурет пішімін таңдайды.
Дыбыс тілі	Фильмді ойнату кезінде дыбыс/субтитр тілдер тобын өзгертеді. Тек бір дыбыс жолы бар файлдарды таңдау мүмкін емес.
Субтитр тілі	Субтитрді қосу/өшіру.
Тіл	SMI субтитрі үшін қосылған және субтитрмен бірге тіл таңдай алады.
Кодтық бет	Субтитр қаріпін таңдауға болады. Әдепкі мән орнатылған кезде, жалпы мәзірдің қаріпі пайдаланылады.
Қадамдастыру	Фильмді ойнату кезінде субтитрдің уақыт синхронизациясын 0,5 сек. қадаммен -10 сек. ~ +10 сек. аралығында реттейді.
Позиция	Фильмді ойнату барысында субтитрдің позициясын жоғары немесе төмен өзгертеді.
Өлшемі	Фильмді ойнату барысында қажетіт Субтитр өлшемін таңдайды.
Қайталау	Фильм ойнатудың қайталау функциясын қосады/өшіреді. Осы функция іске қосылса, қалтадағы файл қайталап ойнатылады. Қайталап ойнату тоқтатылса да, файл аты алдыңғы файл атына ұқсас болса, ойнату жалғаса береді.

Субтитр тілі	Қолдауы бар тілдер
1-латын тілі	Ағылшын, испан, француз, неміс, итальян, швед, фин, голланд, португал, дат, румын, норвег, албан, гаэль, валлий, ирланд, каталан, валенсия
2-латын тілі	Босниялық, поляк, хорват, чех, словак, словендік, серб, венгр
4-латын тілі	эстон, латыш, литов
Кириллица	болгар, македон, орыс, украин, қазақ
грек	грек
түрік	түрік

ЕСКЕРТПЕ

- Субтитр файлында тек 10 000 синхронизация блогіне қолдау бар.
- Бейне ойнатылып жатқанда, **ПІШІМ** («ПІШІМ») түймесін басып, бейне өлшемін реттеуге болады.

Қазақша

Бейнені орнату параметрі таңдалғанда,

1 Жылжу түймелерінің көмегімен жылжып, тиісті реттеулер жасаңыз. (67-бетті қараңыз)

Аудио орнатыңыз параметрі таңдалғанда,

1 Шарлау түймелерінің көмегімен **Дыбыс режимі, Авто дыбыс деңгейі, Таза дауыс II** немесе **Баланс** көрсетіңіз.

2 Тиісті реттеулерді Шарлау түймелерінің көмегімен жасауға болады. (72-бетті қараңыз)

Фотосуреттерді көру

USB жад құрылғысына сақталған кескін файлдарын немесе дербес компьютердегі ортақ қалтаны желі қосылымы арқылы көрсетіңіз. Экрандағы дисплейлер үлгіге байланысты әртүрлі болуы мүмкін.


1 **Менің мультимедиа** тармағына жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.

2 **Фотосурет тізімі** тармағына жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.

3 Қосылған USB жад құрылғысына қол жеткізу үшін Шарлау түймелерінің көмегімен **Drive1** опциясын таңдаңыз.

4 Қажетті қалтаға жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.

5 Қажетті файлға жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.





Мәзір	Сипаттама
Белгіленгенді қарау	Таңдалған фотосурет файлын бейнебетке шығарыңыз.
Барын белгілеу	Бейнебеттегі барлық фотосурет файлдарын таңбалаңыз.
Барын белгілемеу	Барлық таңбаланған фотосурет файлдарының таңбасын алып тастаңыз.
Белгілеу күйінен шығу	**Белгілеу күйі** режимінен шығыңыз.

6 View photos.

ЕСКЕРТПЕ

- Қолдауы жоқ файлдардың алдын ала көру бейнесі тек белгіше түрінде көрсетіледі.
- Қалыпты емес файлдар биттік кескін түрінде көрсетіледі.

Қазақша

Фотосурет параметрлерін пайдалану

Фотосуреттерді көрген кезде төмендегі параметрлерді пайдаланыңыз.



Опциялар Таңдалған фотосуреттердің нөмірі

Ерекшеліктер	Сипаттама
Слайд шоу	Слайд шоуды таңдалған фотосуреттермен бастайды немесе тоқтатады. Егер фотосуреттер таңдалмаған болса, ағымдағы қалтада сақталған барлық фотосуреттер слайд шоу барысында көрсетіледі. Слайд шоу жылдамдығын орнату үшін **Параметр** тармағын таңдаңыз.
BGM	Фон музыкасын қосады немесе өшіреді. Фон музыкасының қалтасын орнату үшін **Параметр** тармағын таңдаңыз. Опция параметрін қашықтан басқару пультіндегі Жылдам мәзір («ЖЫЛДАМ МӘЗІР») немесе Негізгі бет («Негізгі») түймелерінің көмегімен реттеуге болады.
(Айналдыру) ↻	Фотосуреттерді сағат тілі бағытымен айналдырады (90°, 180°, 270°, 360°). **ЕСКЕРТПЕ** • Қолдау көрсетілген фотосурет өлшемі шектелген. Егер айналдырылған еннің ажыратымдылығы қолдау көрсетілген ажыратымдылық өлшемінен үлкенірек болса, фотосуретті айналдыру мүмкін болмайды.
Q	Фотосуретті 2, 4 есе ұлғайту арқылы көру.
ENERGY SAVING («ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ»)	Экранның жарықтығын өзгерту үшін, **ENERGY SAVING** («ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ») түймесін қайта-қайта басыңыз.
Ерекшеліктер	• **Слайд жылдамдығы**: слайд шоу жылдамдығын таңдайды (**Жылдам**, **Орташа**, **Баяу**). • **BGM**: фон музыкасы үшін музыка қалтасын таңдайды. **ЕСКЕРТПЕ** • Фон музыкасы ойнау барысында музыка қалтасын өзгерту мүмкін болмайды. • Қазір фотосуретті көрсетіп тұрған құрылғыда сақталған MP3 қалтасын ғана таңдауға болады.
Жасыру	Параметр терезесін жасырады. Параметрлерді көрсету үшін **OK** түймесін басыңыз.
ШЫҒУ	Фото тізімі параметріне қайтыңыз.

Фотосурет опциялары

1 **ЖЫЛДАМ МӘЗІРІ** немесе **Негізгі бет** түймелерін басып, **Параметр** мәзірлерін шығаруға болады.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен жылжып, **Фотосурет көрінісін орнатыңыз., Бейне ойнатуды орнатыңыз.** немесе **Аудио орнатыңыз. тармақтарына өтіңіз.** және **OK** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- **Фильм Тізімі** параметрінде өзгертілген опция мәндері **Фото тізімі** және **Саз тізімі** параметрлеріне әсер етпейді.
- **Фото тізімі** және **Саз тізімі** параметрлерінде өзгертілген опция мәні **Фото тізімі** мен **Саз тізімі** ішінде өзгереді, ал **Фильм Тізім** ішінде өзгермейді.

Фотосурет көрінісін орнатыңыз пәрменін таңдағанда,

1 Жылжу түймелерінің көмегімен жылжып, **Слайд жылдамдығы** немесе **BGM** тармағын таңдаңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен жылжып, тиісті реттеулер жасаңыз.

Бейнені орнату параметрі таңдалғанда,

1 Жылжу түймелерінің көмегімен жылжып, тиісті реттеулер жасаңыз.(67-етті қараңыз)

Аудио орнатыңыз параметрі таңдалғанда,

1 Шарлау түймелерінің көмегімен **Дыбыс режимі, Авто дыбыс деңгейі, Таза дауыс II** немесе **Баланс** көрсетіңіз.

2 Тиісті реттеулерді Шарлау түймелерінің көмегімен жасауға болады. (72-етті қараңыз)

Музыка тыңдау


1 **Менің мультимедиа** тармағына жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.


2 Pressthe Navigation buttons to scroll to **Music List** and press **OK**.

3 Қосылған USB жад құрылғысына қол жеткізу үшін Шарлау түймелерінің көмегімен **Drive1** опциясын таңдаңыз.

4 Қажетті қалтаға жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.

5 Қажетті файлға жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.






Мәзір	Сипаттама
Белгіленгенді ойнату	Таңдалған сазды файлды бейнебетке шығарыңыз.
Бәрін белгілеу	Бейнебеттегі барлық сазды файлдарды таңбалаңыз.
Бәрін белгілемеу	Барлық таңбаланған сазды файлдардың таңбасын алып тастаңыз.
Белгілеу күйінен шығу	**Белгілеу күйі** режимінен шығыңыз.

6 Play music.

7 Келесі түймелерді басып, ойнатуды басқарыңыз.




Түйме	Сипаттама
⏹	Ойнатуды тоқтатады
▶	Музыка файлын ойнатады
⏸	Ойнатуды кідіртеді немесе жалғастырады
⏭	Келесі файлға өткізеді
⏮	Алдыңғы файлға өткізеді
⏮ немесе ⏭	Ойнату барысында, ⏮ түймесін басқан кезде, алдыңғы музыка файлы ойналады ⏭ түймесін басқан кезде, келесі музыка файлы ойналады.
Жасыл түйме	Таңдалған музыка файлдарын ойнатуды бастаңыз да, **Фотосуреттер тізімі** параметріне өтіңіз.
ENERGY SAVING («ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ»)	Экранның жарықтығын өзгерту үшін, **ENERGY SAVING** («ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ») түймесін қайта-қайта басыңыз.
Негізгі немесе **Жылдам мәзір**	Параметр мәзірін көрсетіңіз.
Жасыру	Параметр терезесін жасырады. Параметрлерді көрсету үшін **OK** түймесін басыңыз.
КЕРІ	Музыка ойнатылып жатқанда, **КЕРІ** пәрмені таңдалса, ағымдағы музыка ойнатқыш жасырылып, тек музыка тізімі көрсетіледі.
ШЫҒУ	Музыка ойнатқыш көрсетіліп тұрғанда, **ШЫҒУ** пәрмені таңдалса, тек музыка тоқтатылады, ойнатқыш қалыпты теледидар көру режиміне оралмайды. Музыка тоқтатылып немесе музыка ойнатқыш жасырылып тұрғанда, **ШЫҒУ** пәрмені таңдалса, ойнатқыш қалыпты теледидар көру режиміне оралады.
< немесе >	Ойнату кезінде **<** немесе **>** түймесін пайдаланған кезде, экранда орынды көрсететін курсор көрінеді

Музыка файлдарын ойнату бойынша кеңестер

- Бұл құрылғы ID3 тегі ендірілген MP3 файлдарды қолдамайды..

ЕСКЕРТПЕ

- Қолдауы жоқ файлдардың алдын ала көру бейнесі тек белгіше түрінде көрсетіледі.
- Қалыпты емес файлдар биттік кескін түрінде көрсетіледі.
- Зақымданған немесе ақаулы ән ойнатылмайды, ойнату уақыты 00:00 дегенді көрсетеді.
- Ақы алынатын қызметтен жүктеп алынған, авторлық құқық қорғауы бар ән қосылмайды, ойнату уақыты лайықсыз ақпарат көрсетеді.
- OK, ■ түймелері басылса, экран қорғауышы ажыратылады
- Қашықтан басқару пультіндегі ОЙНАТУ(▶), Кідірту(❚❚), ■, ▶▶, ◀◀ түймелері осы қол жетімді болады.
- Келесі әнді таңдауға ▶▶ түймесін, ал алдыңғы әнді таңдауға ◀◀ түймесін қолдануға болады.



Музыка опциялары

1 **ЖЫЛДАМ МӘЗІРі** түймесін басып, **қалқымалы** мәзірлерге өтіңіз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен жылжып, **Аудио ойнатуды орнатыңыз.** немесе **Аудио орнатыңыз. тармақтарына өтіңіз.** және **OK** түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- **Фильм Тізімі** параметрінде өзгертілген опция мәндері **Фото тізімі** және **Саз тізімі** параметрлеріне әсер етпейді.
- **Фото тізімі** және **Саз тізімі** параметрлерінде өзгертілген опция мәні **Фото тізімі** мен **Саз тізімі** ішінде өзгереді, ал **Фильм Тізімі** ішінде өзгермейді.

Аудио ойнатуды орнатыңыз. параметрі таңдалғанда

1 Жылжу түймелерінің көмегімен жылжып барып, **Қайталау** немесе **Кездейсоқ** тармағын таңдаңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен жылжып, тиісті реттеулер жасаңыз.

Аудио орнатыңыз параметрі таңдалғанда,

1 Жылжу түймелерінің көмегімен жылжып барып, **Дыбыс режимі, Авто дыбыс қаттылығы, Таза дауыс II** немесе **Баланс** тармақтарын таңдаңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен жылжып, тиісті реттеулер жасаңыз.(72-етті қараңыз)

DivX тіркеу коды

DivX кодын тіркеу

www.divx.com/vod торабынан соңғы фильмдерді жалға алуға немесе сатып алуға болатындай етіп теледидардың DivX тіркеу кодын тексеріңіз және тіркеңіз. To play a rented or purchased DivX file, the file's registration code should be same with your TV's DivX registration code.

1 Басты мәзірге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.


2 **МУЛЬТИМЕДИА** тармағына жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.

3 Көк түймені басыңыз.

4 **DivX тіркеу кодына** жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.

5 Теледидардың тіркеу кодын көріңіз.

6 Аяқтағанда, **ШЫҒУ** түймесін басыңыз. Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **КЕРІ** түймесін басыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Фильм файлдарының мына түрлеріне қолдау көрсетіледі
  Ажыратымдылығы: 1920x1080 WxH пиксельден аз
  Кадр жиілігі: 30 кадр/с (1920x1080) жиілігінен төмен, 60 кадр/с (1280x720 мәнінен төмен) жиілігінен төмен
- Бейне кодегі: MPEG 1, MPEG 2, MPEG 4, H.264/AVC, DivX 3.11, DivX 4.12, DivX 5.x, DivX 6, Xvid 1.00, Xvid 1.01, Xvid 1.02, Xvid 1.03, Xvid 1.10-beta1, Xvid 1.10-beta2, JPEG, VC1, Sorenson H.263/H.264.

DivX мүмкіндігін ажырату

Барлық құрылғыларды веб сервер арқылы ажыратып, құрылғыларды іске қосылуына қарсы құрсаулаңыз.
Теледидар үшін жаңа DivX пайдаланушы идентификацияны қабылдау мақсатымен бар идентификациялық ақпаратты жою. Бұл функция бір рет орындалған жағдайда, DivX DRM файлдарын көрі үшін DivX пайдаланушы идентификациясы қайта қажет етіледі.


1 Басты мәзірге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 **МУЛЬТИМЕДИА** тармағына жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.

3 Көк түймені басыңыз.

4 **Ажырату** параметріне жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.

5 Растау үшін Шарлау түймелерінің көмегімен **Иә** параметрін таңдаңыз.



6 Реттеп болғаннан кейін, **ШЫҒУ түймесін басыңыз.**
Алдыңғы мәзірге оралған кезде, **КЕРІ** түймесін басыңыз.

ТЕЛЕДИДАР ПАРАМЕТРЛЕРІН БАПТАУ


Негізгі мәзірлерге кіру

1 Басты мәзірлерге кіру үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 Төмендегі мәзірлердің біріне жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.

3 Қажетті параметрге немесе опцияға жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.

4 Реттеп болғаннан кейін, **ШЫҒУ** түймесін басыңыз.



Параметрлерді реттеу

ОРНАТУ параметрлері


1 Басты мәзірге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен **ОРНАТУ** мәзіріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерінің көмегімен керекті параметрге немесе опцияға жылжып барып, **OK** түймесін басыңыз.
- Алдыңғы деңгейге қайту үшін, **КЕРІ** түймесін басыңыз.

4 When you are finished, press **ШЫҒУ 4 Реттеп болғаннан кейін, ШЫҒУ түймесін басыңыз.**

• Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.




Қол жетімді бағдарлама параметрлері төменде сипатталған:

Параметр	Сипаттама
Автоматты дәлдеу	Барлық қол жетімді бағдарламаларды антенна немесе кабель кірістері арқылы дәлдеп, сақтайды (30-бетті қараңыз).
Қолмен дәлдеу	Қажетті бағдарламаларды қолмен дәлдеп, сақтайды (33-бетті қараңыз).
Бағдарламаларды өңдеу	Бағдарламалардағы бағдарламаларды қосады немесе жояды (35-бетті қараңыз).
CI Ақпараты	Кейбір шифрланған қызметтерді қарауға мүмкіндік береді (ақылы қызмет).(37-бетті қараңыз).
Кабельді СТД параметрі (Тек кабельді режим үшін)	Пайдаланушы **Қызмет операторы** мәзірінен таңдай алатын функциялардың ауқымы әр елде қолдау көрсетілетін **Қызмет операторларының** санына қарай әр түрлі болады және егер әр ел үшін қолдау көрсетілетін **Қызмет операторының** саны 1 болса, тиісті функция жұмыс істемейтін болады. **Қызмет операторын** өзгерткеннен кейін, OK түймесі басылған немесе **Close** (жабу) таңдалған кезде арна картасы жойылады деген ескерту терезесі және **Иә** таңдалғанда, автоматты түрде дәлдеу қалқымалы терезесі пайда болады (32-бетті қараңыз).

СУРЕТ параметрлері

• Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.



1 Басты мәзірге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 **СУРЕТ** тармағына жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.

3 Қажетті параметрге немесе опцияға жылжу үшін Шарлау түймелерін басып, **OK** түймесін басыңыз.
- Алдыңғы деңгейге қайту үшін, **КЕРІ** түймесін басыңыз.

4 Реттеп болғаннан кейін, **ШЫҒУ түймесін басыңыз.**

Қол жетімді сурет параметрлері төменде сипатталған:

Параметр	Сипаттама	
Кадр пішімі	Кескіндерді оңтайлы өлшемде көрсету үшін кескін өлшемін өзгертеді (41-бетті қараңыз).	
Сурет Шебері	Кескін сапасын реттейді және экрандағы нұсқауларды орындау арқылы экранды мөлшерлейді. Бапталған параметрлер **1-сарапшы** ретінде **Сурет режимінде** сақталады.	
	Standard («Қалыпты»)	Стандартты бейне сапасын орнататын режим. (**Қара түс деңгейі**, **Ақ түс деңгейі**, **Реңк**, **Түс**, **Көлденең дәлдік**, **Тік дәлдік**, **Артқы жарық**(Тек СКД теледидар/ЖД СКД теледидары))
	Ұсынылатын	Стандартты бейнеге қарағанда пайдаланушы таңдайтын бейне сапасын орнататын режим. (**Қара түс деңгейі**, **Ақ түс деңгейі**, **Реңк**, **Түс**, **Дәлдік**, **Динамикалық контраст**, **Түс температурасы**, **Артқы жарық**(Тек СКД теледидар/ЖД СКД теледидары))
	ЕСКЕРТПЕ • Егер орнатуды соңғы қадамға дейін жеткізбей тоқтатсаңыз, өзгертулер қолданылмайды. • Егер **Сурет шебері** пайдалансаңыз, энергия үнемдеу мүмкіндігі автоматты түрде өшіріледі. • To reset changes made by **Picture Wizard**, operate **Picture Reset** when **Picture Mode** is on **Expert1**. • RGB-PC/HDMI-PC/DVI-PC режимінде өзгертілген **Түс**, **Реңк** және **H/V нақтылығы** мәндері қолданылмайды.	
Энергияны үнемдеу	Экран жарықтығын реттеу арқылы қуат тұтынылуын азайтады.	
	Ерекшеліктер	
	Ақылды сенсор (Тек Плазмалық теледидар) немесе Авто (Тек СКД теледидары/ ЖД СКД теледидары)	*Бұл функция барлық үлгілер үшін мүмкін емес. Ең қолайлы жарықтық қоршаған орта жағдайларына сәйкес автоматты түрде реттеледі.
	Өшірулі	**Энергияны үнемдеу** функциясы өшірулі
	Ең төмен/Орташа/ Ең жоғары	Жарықтық деңгейін таңдайды.
	Экран өшірулі	Экран 3 секундта өшіріледі.
	ЕСКЕРТПЕ • **Экранды өшіру** параметрі таңдалғанда, экран 3 секунд ішінде өшіп, **Экранды өшіру** функциясы іске қосылады. • Егер “**Энергия үнемдеу**-Авто(Үлгіге байланысты), **Ең жоғары**” реттесеңіз, **Фон жарығы** мүмкіндігі жұмыс істемейді. (Тек СКД теледидар/ЖД СКД теледидары) • **Energy Saving**-**Intelligent Sensor** («Қуатты үнемдеу - Саналы сенсор») параметрі реттелсе, **Sharpness**, **Colour**, **Colour Temperature** («Анықтық, түс, түс температурасы») мүмкіндігі жұмыс істемейді. (Тек плазмалық теледидарда) • **Авто** параметрі таңдалғанда, теледидар режимінде тұрса, зерделі сенсор **Фон жарығын** қоршаған жағдайға автоматты түрде бейімдейді. (тек LCD TV/LED LCD TV)(Үлгіге байланысты)	

Қазақша

<table>
<tr><th>Параметр</th><th colspan="2">Сипаттама</th></tr>
<tr><td>Сурет режимі</td><td colspan="2">Алдын ала орнатылған кескінді таңдайды немесе ең жақсы теледидар экранының өнімділігін алу үшін әрбір режимдегі параметрлерді реттейді. Әрбір режимнің кеңейтілген параметрлерін реттеуге болады.
Қол жетімді алдын ала орнатылған сурет режимдері теледидарға байланысты өзгеруі мүмкін.</td></tr>
<tr><td></td><td colspan="2">Режим</td></tr>
<tr><td></td><td>Саналы сенсор (Тек СКД теледидары)</td><td>Айналадағы жағдайға байланысты кескінді реттейді.</td></tr>
<tr><td></td><td>Айқын</td><td>Контраст, жарықтық, түс және дәлдікті жақсарту арқылы жеке ортаның бейне кескінін реттейді.</td></tr>
<tr><td></td><td>Standard («Қалыпты»)</td><td>Қалыпты орта үшін арналған кескінді реттейді.</td></tr>
<tr><td></td><td>APS (тек плазмалық теледидарында)</td><td>Қуаттың тұтынылуын оңтайландырады.</td></tr>
<tr><td></td><td>Кинотеатр, THX Cinema («Кинотеатр») немесе THX 3D Cinema («Кинотеатр»)</td><td>Бейне кескінін фильмдерді кинотеатрда қарағандай етіп кинематографиялық көрініске оңтайландырады.</td></tr>
<tr><td></td><td>THX Жарық бөлме (тек плазмалық теледидарында)</td><td>Бұл параметр теледидардың жарық бөлмеде көрсетілуін реттейді.</td></tr>
<tr><td></td><td>Sport («Спорттық»)</td><td>Ақ, жасыл немесе аспан көк сияқты негізгі түстерді белгілеу арқылы жоғары және динамикалық әрекеттердің бейне кескінін оңтайландырады.</td></tr>
<tr><td></td><td>Game («Ойын»)</td><td>Компьютер немесе ойындар сияқты жылдам ойын ойнау экранының бейне кескінін оңтайландырады.</td></tr>
<tr><td></td><td>Сарапшы</td><td>Жалпы көрермендер сияқты бейне сарапшыларының егжей-тегжейлі бейне кескіні параметрлерін реттейді.</td></tr>
<tr><td></td><td colspan="2">ЕСКЕРТПЕ
• Сурет режимі бейненің ең жақсы түрде көрсетілуі үшін, теледидарды реттейді. Бағдарлама санатына негізделген Сурет режимі мәзірінде алдын ала орнатылған мәнді таңдаңыз.
• Зерделі сенсор функциясы қосулы болғанда, ең сәйкес келетін сурет айналадағы жағдайларға сай автоматты түрде бейімделеді.
• Сурет режимі параметрін ЖЫЛДАМ мәзірі ішінен де Бейне режимін реттеуге болады.
• APS (Қуатты автоматты үнемдеу): сурет сапасын төмендетпестен электр қуатын барынша үнемдеу. (тек плазмалық теледидарында)
• Picture Mode-THX Cinema («Бейне режимі - Кинотеатр»), THX Bright Room параметрі реттелсе, “, Energy Saving-Intelligent Sensor, Minimum, Medium, Maximum («Қуатты үнемдеу - саналы сенсор, Төмен, Орташа, Жоғары») мүмкіндігі жұмыс істемейді.. (тек плазмалық теледидарында)
• Picture Mode- APS («Бейне режимі -) параметрі реттелсе,, “Energy Saving-Off, Minimum, Medium, Maximum («Қуатты үнемдеу - өшірілген, Төмен, Орташа, Жоғары») мүмкіндігі жұмыс істемейді. (тек плазмалық теледидарында)
» THX Cinema немесе THX 3D Cinema(«Кинотеатр») (тек плазмалық теледидарында): үйде көріп отырғанда кинотеатрдағыдай әсер алуға арналған бейне сапасының режимі. Қосымша реттеу жасамастан, пайдаланушы кез келген фильмді экран сапасының ең жақсы деңгейінде көруге мүмкіндік алады.Cinema («Кинотеатр») ең қою күйіне келтірілгенде тиімді экран сапасын қамтамасыз етеді. THX Cinema («Кинотеатр»), THX Bright Room параметрі таңдалғанда кадр пішімі Just scan («Тек іздеу») күйіне ауысады.
» THX Cinema («Кинотеатр») (THX жүйесі) — дыбыс және бейненің THX куәландыру стандарты. Бұл стандартты «Жұлдыздардағы соғыстар» атты фильмді түсірген Джордж Лукас пен Томлинсон тапқан. Бұл өнім THX көрсетілім аумағында куәландыруға арналған, сондай-ақ аппараттық және бағдарламалық құралдардағы көрсетілім стандартының сипаттамасынан артық болатын экран сапасын қамтамасыз етеді.</td></tr>
</table>

Параметр	Сипаттама		
TruMotion (Тек СКД теледидарында/ ЖД СКД теледидарында)	*Бұл функция барлық үлгілер үшін мүмкін емес. Шайылулықсыз суреттің барынша көп сапасы үшін немесе жылдам бейнеленуге кіру кезде немесе фильмың қорына қолданылады. Бұл белгі RGB-PC, HDMI-PC режимінде жарамсыз. «**TruMotion**» мүмкіндігі іске қосылса, экран кескіні бұрмаланып көрсетілуі мүмкін. Олай болған жағдайда, «**TruMotion**» мүмкіндігін «**Өшірулі**» күйіне қойыңыз. «**Сурет режимі**-**Ойын**» параметрі таңдалса, «**TruMotion**» функциясын «**Өшірулі**» күйіне қойыңыз.		
	Ерекшеліктер		
	Жоғары	Жұмсақ сурет қозғалысын қамтамасыз етеді.	
	Төмен	Жұмсақ сурет қозғалысын қамтамасыз етеді. Стандартты қолданыста осы параметрді пайдаланыңыз.	
	Өшірулі	TruMotion әрекетін өшіреді.	
	Пайдаланушы	Пайдаланушы діріл мен бұлыңғыр деңгейін TruMotion жұмысында бөлек-бөлек реттей алады.	
		Діріл	Экранның шуын реттейді.
		Бұлдыр	Экрандағы суреттің қалдығын реттейді.
ЭКРАН	Компьютердің дисплей параметрлерін реттейді.		
	Ерекшеліктер		
	Ажыратымдылық	Компьютер пайдаланылған кезде дұрыс ажыратымдылық таңдайды.	
	Авто күйге келтіру	Теледидар экранының параметрлерін автоматты түрде оңтайландыру үшін теледидарды орнатады.	
	Позиция	Кескінді дұрыс орынға орналастырады.	
	Өлшемі	Кескін өлшемін реттейді.	
	Фаза	Көлденең штрихтарды жояды.	
	Reset («Қалпына келтіру»)	Параметрлерді әдепкі параметрлерге қалпына келтіреді.	

Негізгі кескін параметрлері

Параметр	Сипаттама
Артқы жарық (Тек LCD TV/LED LCD TV)	СКД артқы жарығын басқару арқылы экранның жарықтығын реттейді. Егер жарықтық деңгейін азайтсаңыз, экран күңгірттеу болады және қуат тұтыну ешбір бейне сигналын жоғалтпастан азаяды. • Егер «**Энергия үнемдеу - Авто, ең төмен, орташа, ең жоғары**» пайдалансаңыз, **Артқы жарық** мүмкіндігі жұмыс істемейді. • **Артқы жарықты** пайдалану артықшылықтары - Қуат шығыны 60%-ға дейін төмендейді. - Қара сәуле жарығы азаяды. (Қара сеуле тереңдігі көбірек болғандықтан, жоғары сапалы айқындықпен тамашалауға болады.) - Жарықтықты бастапқы сигнал ажыратымдылығын пайдалану арқылы реттеуге болады.
Контраст	Бейне сигналының еңісін көтереді немесе төмендетеді. Кескіннің жарық бөлігі қанық болғанда, **Контраст** параметрін пайдалануға болады.
Жарықтық	Кескіндегі сигналдың негізгі деңгейін реттейді.
Айқындылық	Бейнелеу облыстарындағы жарық пен қараңғылық шекара деңгейін өзгертеді. Деңгей төмен болған сайын бейнелеу жуылады.
Түсі	Түс қарқындылығын өзгертеді.
Реңкі	Қызыл мен жасыл түс ара қатынасын өзгертеді.
Түс темп-ы	Қызыл сияқты ыстық түстерді жақсарту үшін жылы етіп орнатады немесе көк сияқты суық түстерді жақсарту үшін суық етіп орнатыңыз.
Қосымша басқару немесе Сарапшы басқаруы	Кеңейтілген параметрлерді реттейді
Picture Reset («Бейнені қалпына келтіру»)	Әрбір режимнің параметрлерін зауыттық әдепкі параметрге қайтарады

ЕСКЕРТПЕ

- RGB-PC/HDMI-PC режимінде түсті, өңі мен реңкін керекті деңгейге дейін күйге келтіруге болмайды.

Қосымша кескін параметрлері (үлгіге байланысты)


Параметр	Сипаттама
Динамикалық контраст	Экранның жарықтығына сәйкес контрастты ең жақсы деңгейінде сақтау үшін реттейді. Сурет жарық бөліктерді жарығырақ және күңгірт бөліктерді күңгірттеу ету жолымен жақсартылады.
Динамикалық түс	Ашығырақ, қанығырақ және анығырақ көрінетіндей етіп, экран түстерін реттейді. Бұл мүмкіндік рең, қанықтылық пен ашықтықты жақсартады, осының арқасында қызыл, көк, жасыл және ақ әлдеқайда айқынырақ көрінеді.
Таза ақ	Экранның ақ түсті аумағын ашық және мөлдір етеді.
Тері түсі	Пайдаланушы таңдаулы тері түсін реттейтін етіп бейненің тері түсін келтіруге мүмкіндік береді.
Шу деңгейін азайту	Бейне сапасына әсерін тигізбей, экран шуын азайтады.
Сандық шуылдың азайтылуы	MPEG қысылған бейнеге байланысты шуылды азайтады.
Гамма көрсеткіші	Күңгірт орынның жарықтығы мен суреттің орташа сұр деңгейлі орындарды реттеуіңізге болады. » Төмен: күңгірт және орташа сұр деңгейдегі аумақтарды жарығырақ етеді. » Орташа: бастапқы сурет деңгейлерін көрсетеді. » Жоғары: күңгірт және орташа сұр деңгейдегі аумақтарды күңгірттеу етеді.
Қара түс деңгейі	Экранның қараңғылық дәрежесін тиісті деңгейге орнатады. Бұл функция келесі режимдерде бар: AV (NTSC-M), HDMI, Құрамдас немесе USB (тек плазмалық теледидарда). » Төмен: экран қараяды. » Жоғары: экран жарықтау болады. » **Авто** : Кіріс сигналының деңгейіне қарай экранның қара түс деңгейін автоматты түрде **Жоғары** немесе **Төмен** орнатады.
Көз күтімі	Экран тым жарық болып кетуін болдырмау үшін экран жарықтығын реттеңіз. Тым жарық суреттерді күңгірттейді. Бұл бейне “Сурет режимі -Анық Фильмде, 1-сарапшы, 2-сарапшы, Интеллектуалдық сенсор “ өшірілген
Нағыз кинотеатр немесе Фильм режимі	Діріл әсерін жою нәтижесінде фильмде жазылған бейне клиптерді барынша шынайы етеді. DVD және Blu-ray фильмдері секундына 24 кадрда (кадр/с) түсіріледі. LG нағыз кинотеатрымен, әрбір кадр TruMotion функциясымен екінші 120 кадр/с шығарудың 1/24-де 5 рет немесе TruMotion функциясынсыз екінші 48 кадр/с шығарудың 1/24-де 2 рет сәйкесінше өңделеді, сөйтіп діріл әсерін жояды.
Түс шекарасы	Түс сапасын көтеру үшін түстің қолданылуын жоғарылатады. » Стандартты: түстердің стандартты жиынын көрсетеді. » Кең: пайдаланылған түстердің санын көбейтеді.
Жиектерін бөлектеу	Бейненің шынайы бұрыштарының анығырақ және айқынырақ көрсетеді.
XVYCC (Кинотеатр және Сарапшы режимдерінде бар)	*Бұл функция барлық үлгілер үшін мүмкін емес. Бұл функция түстерді қанығырақ көрсетуге арналған. Бұл мүмкіндік қанық түстерді, сондай-ақ, әдеттегі бейне сигналын көрсетеді. Бұл функция xvYCC сигналы HDMI арқылы берілгенде, **Сурет режимі** - **Кинотеатр**, **Тәжірибелі** параметрлерінде іске қосылады.
Expert Pattern («Сарапшы үлгісі») (Тәжірибелі режимінде пайдалануға болады)	Бұл сарапшы реттеуі үшін қажетті үлгі болып табылады. Бұл функция сандық теледидар қарау барысында **Сурет режимі** - **Тәжірибелі** параметрінде іске қосылады.
Colour Filter («Түс сүзгіші»)	Бұл функция бейненің арнайы түстерін сүзуге арналған. Түс қанықтығы мен реңк нақтылығын орнату үшін RGB сүзгішін пайдалана аласыз.

Бейненің күрделі опциялары (ТД үлгісіне байланысты)

<table>
<tr><th>Параметр</th><th colspan="3">Сипаттама</th></tr>
<tr><td rowspan="3">Түс температурасы</td><td colspan="3">Бейне көрсетілімінің ақ линиясын өзгерту арқылы экранның жалпы түсін реттейді.</td></tr>
<tr><td>Плазмалық теледидар</td><td rowspan="2">a. Әдіс: 2 нүктелік
• Үлгі: ішкі, сыртқы
• Қызыл/жасыл/көк түстердің контрасты, қызыл/жасыл/көк түстердің жарықтығы: реттеу диапазоны: -50 және +50 арасында.</td><td>b. Әдіс: 20 нүктелік IRE
• IRE (Радиоинженерлер институты) — бейне сигналының өлшемін көрсететін бірлік және 5, 10, 15 - 100 (плазмалық теледидарда) арасында орнатылуы мүмкін. Әр параметрге сәйкес қызыл, жасыл немесе көк түсті реттеуіңізге болады.
• Қызыл/жасыл/көк: реттеу диапазоны -50 мен +50 аралығында.
c. Барлық кіріс сигналдарына пайдаланыңыз.</td></tr>
<tr><td>(СКД /ЖД СКД теледидары)</td><td>b. Әдіс: 10 нүктелік IRE
• Үлгі: ішкі, сыртқы
• IRE (Радиоинженерлер институты) — бейне сигналының өлшемін көрсететін бірлік және 10, 20, 30 - 100 арасында орнатылуы мүмкін. Әр параметрге сәйкес қызыл, жасыл немесе көк түсті реттеуіңізге болады.
• Жарықтық: бұл функция 2.2 гаммасы үшін есептелген жарықтық мәнін көрсетеді. Қалаған жарық мәнін 100 IRE деңгейінде енгізуіңізге болады, онда 2.2 гаммасы үшін берілген жарықтық мәні 10-90 IRE аралығында әр 10 қадам сайын көрсетіліп отырады.
• Қызыл/жасыл/көк: реттеу диапазоны -50 мен +50 аралығында.
c. Барлық кіріс сигналдарына пайдаланыңыз.</td></tr>
<tr><td>Түсті басқару жүйесі</td><td colspan="3">Мамандармен сынақ үлгілерін қолдана отырып реттеулерді жүзеге асыру үшін пайдаланылатын құрал ретінде ол басқа түстерге әсер етпейді, бірақ 6 түс (қызыл/жасыл/көк/циан/маджента/сары) аумағын таңдамалы түрде реттеу үшін пайдалануға болады.
Жалпы бейне үшін реттеу жасағанның өзінде де, түс ерекшеліктері көзге көрінерлік болмауы мүмкін.
Қызыл/жасыл/көк/сары/циан/маджента түстерін реттейді.
Қызыл/жасыл/көк/сары/циан/маджента түстері: реттеу диапазоны: -30 және +30 аралығында.
Қызыл/жасыл/көк/сары/циан/маджента реңктері: реттеу диапазоны: -30 және +30 аралығында.
Бұл мүмкіндік RGB-PC және HDMI-PC режимдерінде өшірулі болады.</td></tr>
</table>

ДЫБЫС параметрлері

• Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.



1 Басты мәзірлерге кіру үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен **ДЫБЫС** параметріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 <Жылжу түймелерінің көмегімен керекті параметрге немесе опцияға өтіп, press **OK** түймесін басыңыз.

- Алдыңғы деңгейге қайту үшін, **КЕРІ** түймесін басыңыз.

4 Реттеп болғаннан кейін, **ШЫҒУ** түймесін басыңыз.

Құрылғыдағы дыбыс параметрлері төменде сипатталған.

Параметр	Сипаттама	
Auto Volume («Авто дыбыс қаттылығы»)	Арналар ауыстырылғанда, дыбыс деңгейін тұрақты ету үшін «Авто дыбыс қаттылығы» мүмкіндігін қосады. Тарату станцияларынан келетін сигнал жағдайларының әртүрлілігіне орай, дыбыс деңгейі тұрақты болмауы мүмкін.	
Таза дауыс II	Адам даусының анықтығын реттейді. Бұл мүмкіндік қосылғанда, анықтық деңгейін реттеуге болады. ЕСКЕРТПЕ • **Таза дауыс II** мүмкіндігін «**Қосу**» күйіне қойса, **Infinite Surround** мүмкіндігі істемейді. • '-6' - '+6' аралығындағы деңгейді таңдаңыз.	
Баланс	Бөлме ортасына қарай сол және оң жақтағы динамиктердің дыбысты тең шығаруын реттеңіз.	
Дыбыс режимі	Алдын ала орнатылған дыбыс режимдерінің біреуін таңдайды немесе әр режимде опцияларды реттейді.	
	Режим	
	Стандартты	Стандартты, сапалы дыбыс шығару керек болғанда таңдалады.
	Музыка	Музыка тыңдағанда таңдалады.
	Cinema («Кинотеатр»)	Фильмдерді көргенде таңдалады.
	Sport («Спорттық»)	Спорт жаңалықтарын қарағанда таңдалады.
	Game («Ойын»)	Ойын ойнағанда таңдалады.
	Ерекшеліктер	
	Infinite Surround	**Infinite Surround** — LG компаниясының меншігі болып табылатын, алдыңғы екі динамиктің көмегімен 5.1 көлемді дыбыс әсерін беретін патентті дыбыс өңдеу технологиясы.
	Жоғары жиіліктер	Шығыс сигналындағы басым дыбыстарды басқарады. Жоғары жиіліктегі тембрды арттырғанда, ол шығыс сигналын жоғары жиілік диапазонына көтереді.
	Бас	Шығыс сигналындағы жұмсақтау дыбыстарды басқарады. Басты арттырғанда, ол шығыс сигналын төмен жиілік диапазонына көтереді.
	Reset («Қалпына келтіру»)	Дыбыс режимін әдепкі параметрге келтіреді.

Қазақша

<table>
<tr><th>Параметр</th><th colspan="3">Сипаттама</th></tr>
<tr><td>Сандық дыбыс шығысы</td><td colspan="3">Бұл функция қалаған Сандық дыбыс шығысын таңдауыңызға мүмкіндік береді.
Dolby Digital пішімі бар болғанда, Сандық дыбыс шығысы мәзірінде Авто күйін таңдалса, SPDIF(Sony
Philips Digital InterFace) шығыс сигналы Dolby Digital күйіне орнатылады.
Dolby Digital пішімі болмаса, Сандық дыбыс шығысы мәзірінде Авто пәрмені таңдалса, SPDIF шығыс сигналы PCM (импульстік-кодтық модуляция) күйіне ауысады.
Егер тіпті «Dolby Digital» және «Аудио Тілі» параметрлерінің екеуі де Dolby
Digital Audio тараттын арнада орнатылған болса, тек Dolby Digital дыбысы ойнатылады.
<table>
<tr><th>Пункт</th><th>Дыбыс кірісі</th><th>Сандық дыбыс шығысы</th></tr>
<tr><td>Авто</td><td>MPEG
Dolby Digital
Dolby Digital Plus
HE-AAC</td><td>Импульстік кодтық модуляция
Dolby Digital
Dolby Digital
Dolby Digital</td></tr>
<tr><td>Импульстік кодтық модуляция</td><td>Бәрі</td><td>Импульстік кодтық модуляция</td></tr>
</table>
</td></tr>
<tr><td>Теледидар динамигі</td><td colspan="3">Сыртқы Hi-Fi жүйесін қолданғанда, теледидардың ішкі динамигін қосады. Бейненің кіріс сигналы болмаса да, теледидар динамигін дыбыстың шығыс сигналы құрылғысы ретінде қолдануға болады.
ЕСКЕРТПЕ
• Simplink үй кинотеатры істеп тұрғанда, ТД үндеткіші өшірілсе, дыбыстың шығысы үй кинотеатрының динамигіне автоматты түрде ауысады, алайда ТД үндеткіші қосылғанда, дыбыс ТД үндеткішінен шығады.
• ДЫБЫС ішіндегі кейбір мәзір ТД үндеткіші параметрі Сөндіру күйіне орнатылғанда істемейді.</td></tr>
<tr><td>DTV Аудио орнату
(ТЕК ҚАНА ЦИФРЛЫҚ ТӘРТІПТЕ)</td><td colspan="3">Кіріс сигналында бірнеше дыбыс түрлері болғанда, бұл функция керекті дыбыс түрін таңдауға мүмкіндік береді.
<table>
<tr><th colspan="2">Режим</th></tr>
<tr><td>Авто</td><td>Автоматты түрде HE-AAC > Dolby Digital+ > Dolby Digital > MPEG ретімен шығарады (Италиядан басқаларында).
Автоматты түрде HE-AAC > Dolby Digital+ > MPEG > Dolby Digital ретімен шығарады (тек Италияда).</td></tr>
<tr><td>HE-AAC, Dolby Digital+, Dolby Digital, MPEG</td><td>Пайдаланушыларға қалаған дыбыс түрін таңдауға мүмкіндік береді.
Мысалы, егер MPEG таңдалса, онда MPEG тұрақты шығарылады.
MPEG пішіміне қолдау көрсетілмесе, осы ретпен басқа дыбыс түрі орнатылады.</td></tr>
<tr><td colspan="2">77-бетті қараңыз (Дыбыс тілін таңдау)</td></tr>
</table>
</td></tr>
</table>

Стерео/екі жақты сигналды қабылдау (Тек қана Аналог режимінде)

Арна таңдалғанда, станцияның дыбыс ақпараты арна
нөмірі мен станция атауымен бірге көрсетіледі.

1 **ЖЫЛДАМ МӘЗІР** түймесін басып, жылжу түймелерінің көмегімен **Аудио** немесе **Аудио Тілі** параметріне өтіп**, OK** түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен дыбыс шығысына өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

Телехабар	Экрандық дисплей
Моно **Стерео** **Екі жақты**	Моно Стерео екі жақты I, екі жақты II, екі жақты I + II

- **Моно дыбысты таңдау**
  Стерео қабылдаудағы стерео сигнал нашар болса, моно дыбысқа қосылуыңызға болады. Монофоникалық сигнал қабылданғанда, дыбыс айқындығы артады.

- **Екі тілде берілетін телехабарға тіл таңдау**
  Егер арнаны екі тілде қабылдау (қос тілді) мүмкін болса, ҚОС I, ҚОС II немесе ҚОС I+II параметрлерін ауыстырып қосуға болады.

ҚОС I динамиктерге негізгі телехабар тілін жібереді.
DUAL I I Динамиктерге екінші телехабар тілін жібереді.
DUAL I+I I Әр динамикке бөлек тіл жібереді.

Қазақша

Nicam жүйесімен сигнал қабылдау (тек аналогтық режимде)

Егер теледидарда NICAM жүйесімен сигнал қабылдауға арналған ресивер бар болса, жоғары сапалы NICAM (Near Instantaneous
Companding Audio Multiplex) сандық дыбысты қабылдауға болады.
Қабылданған телехабар түріне сәйкес дыбыс шығысын таңдауға болады.

1 **NICAM** монофоникалық дыбыс қабылданғанда, **NICAM МОНО** немесе **FM МОНО** параметрін таңдауға болады.

2 **NICAM** стереофоникалық дыбыс қабылданғанда, **NICAM СТЕРЕО** немесе **FM МОНО** параметрін таңдауға болады.
Стерео сигналы әлсіз болса, **FM МОНО** параметріне ауысыңыз.

3 Қос **NICAM** сигналы қабылданғанда, **NICAM ҚОС I**, **NICAM ҚОС II**, **NICAM ҚОС I+II** немесе **FM МОНО** параметрін таңдауға болады.


Динамиктен шығатын дыбысты таңдау

AV, Құрамдас, RGB немесе HDMI режимдерінде сол және оң жақ дыбыс зорайтқыштарының шығыс дыбысын таңдай аласыз.
Дыбыс шығысын таңдаңыз.

L+R: дыбыстың L кірісіндегі дыбыс сигналы сол динамикке жіберіледі, ал R кірісіндегі дыбыс сигналы оң жақ динамикке жіберіледі.
L+L: дыбыстың L кірісіндегі аудио сигнал сол және оң жақ динамиктерге жіберіледі.
R+R: дыбыстың R кірісіндегі аудио сигнал сол және оң жақ динамиктерге жіберіледі.

УАҚЫТ параметрлері

• Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.



1 Басты мәзірлерге кіру үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен **УАҚЫТ** параметріне өтіп, **OK** түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерінің көмегімен керекті параметрге немесе опцияға жылжып барып, **OK** түймесін басыңыз.
- Алдыңғы деңгейге қайту үшін, **КЕРІ** түймесін басыңыз.

4 Реттеп болғаннан кейін, **ШЫҒУ** түймесін басыңыз.

Қолдануға болатын уақыт параметрлері төменде сипатталған

Параметр	Сипаттама
Сағат	Уақытты, күнді, уақыт белдеуін және жазғы уақыт мүмкіндігін орнатады. Уақыт телехабар станциясы беретін уақыт ақпараты бар сандық арна сигналына сәйкес автоматты түрде орнатылады. Бұл мүмкін болмаса, уақыт пен күнді қолмен орнатыңыз. **ЕСКЕРТПЕ** • Теледидар уақыты телехабар сигналымен бірге қабылданатын «Уақыт белдеуі» және GMT (Гринвич уақыты) негізіндегі уақыт компенсациясының ақпаратымен орнатылады және уақыт сандық сигнал көмегімен автоматты түрде реттеледі. • Уақыт белдеуі мәзіріндегі қала аты офсет болып өзгерсе, уақытты 1 сағатқа өзгертуге болады. • **Уақыт белдеуі** мәзірін **Авто** режимінде өзгертуге болады. **Уақыт белдеуі** Магадан, Камчатка Владивосток Якутск Иркутск Красноярск Омбы Екатеринбург Мәскеу, Самара Калининград Бұл Ресейдің 9 аймағының Уақыт белдеулерінің кестесі және қолданушы өз аймағының уақыт белдеуін таңдағанда, ол уақытты сәйкес аймақ үшін автоматты түрде орнатады. Бірақ, пайдаланушы өз аймағын таңдағанмен, тарату станциясы жергілікті уақытты қадамдастыруды ұсынбаса немесе аймақ бойынша ақпарат сәйкес келмесе, пайдаланушы дұрыс уақытты орнату үшін уақыт белдеуінен Офсет тармағын таңдауына болады.

Параметр	Сипаттама
Сөндіру уақыты/Қосу уақыты	Теледидар автоматты түрде қосылатын немесе өшетін уақытты орнатады. Бұл функцияны қолдану үшін, ағымдағы уақыт пен күнді алдын ала орнатқаныңыз жөн. ЕСКЕРТПЕ • Қосу уақыты мүмкіндігі арқылы қосылғаннан кейін, 2 сағат ішінде ешқандай түйме басылмаса, теледидар автоматты түрде күту режиміне енеді. • Егер «Сөндіру уақыты» мен «Қосу уақыты» мүмкіндіктерін бір уақытқа орнатса, «Сөндіру уақыты» мүмкіндігі іске асады.
Автосөндіру таймері	Теледидар өшкенге дейінгі уақыт ұзақтығын орнатады. Теледидарды өшіріп, қайта қосқанда, «Автосөндіру таймері» мүмкіндігі өшіріледі.

ҚҰЛЫПТАУ параметрлері

• Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

1 Басты мәзірге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен **ҚҰЛЫПТАУ** тармағына жылжып барып, **OK** түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерінің көмегімен керекті параметрге немесе опцияға жылжып барып, **OK** түймесін басыңыз.
- Алдыңғы деңгейге қайту үшін, **КЕРІ** түймесін басыңыз.

4 Реттеп болғаннан кейін, **ШЫҒУ** түймесін басыңыз.




Қолдануға болатын құлыптау параметрлері төменде сипатталған.

Параметр	Сипаттама
Бұғаттау жүйесі	Құлыптау жүйесін қосады немесе өшіреді.
Кілт сөз орнату	4 санды кілсөзді өзгертеді. Әдепкі PIN коды — «0 0 0 0». Мемлекет ретінде Франция таңдалғанда, кілтсөз «0», «0», «0», «0» емес, «1», «2», «3», «4» болады. Мемлекет ретінде Франция таңдалғанда, кілтсөз «0», «0», «0», «0» етіп орнатылмайды. Егер Сіз құпиясөзді ұмытсаңыз, нұқыңыз '0', '3', '2', '5' дистанциялық басқару пультінде.
Құрсаулау бағдарламасы	Жасыл түймені басу арқылы мазмұнын балаларға көруге болмайтын бағдарламаларға тыйым салады. Тыйым салынған бағдарламалардың алдында құлып белгішесі болады. Бағдарламаларды таңдауға болады, бірақ экран бос дәне дыбыс өшірілген. Құлыптанған арнаны көру үшін, құпия сөзді енгізіңіз. Бұл функцияны **Бұғаттау жүйесі** параметрі **Қосу** күйінде болғанда қолдануға болады.
Ата-ана бақылауы (ТЕК ҚАНА ЦИФРЛЫҚ ТӘРТІПТЕ)	Бұл функция тарату станциясының ақпараты бойынша жұмыс істейді. Сондықтан, сигналда қате ақпарат болған жағдайда, бұл функция жұмыс істемейді. Бұл мәзірге қол жеткізу үшін, құпия сөз қажет. Құрылғы тіпті құрылғыны өшіргеннен жағдайда да соңғы рет орнатылған опцияны есте сақтайтын етіп бағдарланған. Балалардың белгілі бір ересектерге арналған ТД бағдарламаларын көруін бағалаулар шектеу жиынтығына сәйкес алдын алады. Тыйым салынған бағдарламаны көру үшін, құпия сөзді енгізіңіз. Рейтинг әр елде әртүрлі болады.
Кіріс сигналы тыйымы	Кіріс сигналы көздеріне тыйым салу. Бұл функцияны **Бұғаттау жүйесі** параметрі **Қосу** күйінде болғанда қолдануға болады.
Пернелерді құлыптау	Теледидардағы түймелерді құлыптайды немесе құлпын ашады.

Қазақша

ПАРАМЕТР параметрлері

• Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.



1 Басты мәзірге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 Жылжу түймелерінің көмегімен **ПАРАМЕТР** тармағына жылжып барып, **OK** түймесін басыңыз.

3 Жылжу түймелерінің көмегімен керекті параметрге немесе опцияға жылжып барып, **OK** түймесін басыңыз.
- Алдыңғы деңгейге қайту үшін, **КЕРІ** түймесін басыңыз.

4 When you are finished, press **ШЫҒУ 4 Реттеп болғаннан кейін, ШЫҒУ түймесін басыңыз.**

Қолдануға болатын жалпы параметрлер төменде сипатталған.

<table>
<tr><th>Параметр</th><th colspan="2">Сипаттама</th></tr>
<tr><td rowspan="8">Тіл</td><td colspan="2">Дисплей немесе дыбыс тілін таңдайды.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Ерекшеліктер</td></tr>
<tr><td>Мәзір тілі</td><td>Керекті тілді таңдаңыз.</td></tr>
<tr><td>Дыбыс тілі</td><td>Дыбыс функциясы таңдаулы тілдің таңдалуына мүмкіндік береді. Таңдалған тілде дыбыстық деректер таратылмаса, әдепкі тіл дыбысы ойнатылады.
Дыбыс тілінің экрандық дисплей ақпараты
<table>
<tr><th>Дисплей</th><th>Күй</th></tr>
<tr><td>Жоқ</td><td>Жоқ</td></tr>
<tr><td>MPEG</td><td>MPEG Audio</td></tr>
<tr><td>D</td><td>Dolby Digital Audio</td></tr>
<tr><td></td><td>“Көру қабілеті нашар” адамдарға арналған дыбыстауыш</td></tr>
<tr><td>ABC</td><td>“Есту қабілеті нашар” адамдарға арналған дыбыстауыш</td></tr>
<tr><td>D+</td><td>Dolby Digital Plus Audio</td></tr>
<tr><td>HE-AAC</td><td>HE-AAC Audio</td></tr>
</table></td></tr>
<tr><td>Субтитр тілі</td><td>Екі немесе одан көп субтитр тілі таратылғанда, субтитр функциясын пайдаланыңыз. Таңдалған тілде субтитр деректері таратылмаса, әдепкі тіл субтитрі көрсетіледі.
Субтитр тілінің экрандық дисплей ақпараты
<table>
<tr><th>Дисплей</th><th>Күй</th></tr>
<tr><td>Жоқ</td><td>Жоқ</td></tr>
<tr><td>TXT</td><td>Телемәтін субтитрі</td></tr>
<tr><td>ABC</td><td>«Құлағының мүкісі барлар» үшін субтитр</td></tr>
</table></td></tr>
<tr><td>Мәтін тілі</td><td>Сандық режимде екі немесе одан көп мәтін тілі таратылса, мәтін тілі функциясын пайдаланыңыз. Егер телемәтін деректері таңдалған тілде таратылмаса, әдепкі телемәтін тіл беті көрсетіледі.</td></tr>
<tr><td colspan="2">ЕСКЕРТПЕ
• Аудио тілі, Субтитр тілі, Мәтін тілі ретінде негізгі етіп орнатылған тілдеріне қолдау болмаса, екінші санат ішінен таңдаңыз.
• Қызмет провайдері 1-3 таңбалық тарату жасағанда, аудио/субтитрлер қарапайымдау түрде көрсетілуі мүмкін.
• Қосымша Аудио («Көру/есту қабілеті шектеулі адамдарға» арналған аудио) параметрі таңдалғанда, теледидар Негізгі дыбыстың бір бөлігін шығаруы мүмкін.</td></tr>
</table>

<table>
<tr><th>Параметр</th><th colspan="3">Сипаттама</th></tr>
<tr><td>Ел</td><td colspan="3">Керекті елді таңдайды.

ЕСКЕРТПЕ
• Орнату нұсқаулығы параметрін реттеу KEPI түймесін басу арқылы аяқталмаса немесе OSD (экрандық дисплей) уақытынан асып кетсе, реттеу аяқталғанша, орнату мәзірі теледидар қосылған сайын тұрақты түрде шығып тұрады.
• Егер қате елді таңдасаңыз, телемәтін экранға дұрыс шығарылмай, телемәтін көрсету операциясы барысында кейбір қиындықтар туындауы мүмкін.
• ЖИ (Жалпы интерфейс) қызметін таратушы ел жағдайлары негізінде қолдану мүмкін емес.
• Сандық теледидар күйі басқару түймелері елдің тарату жағдайлары негізінде жұмыс істемеуі мүмкін.
• Сандық таратуды реттеу жолға қойылмаған елде кейбір сандық теледидар функциялары сандық тарату жағдайларына байланысты жұмыс істемеуі мүмкін.
• «Ұлыбритания» ел параметрін тек қана Құрама Корольдігінде белсендіру керек.
• Ел параметрі «--» етіп орнатылса, Еуропа құрлықтық сандық хабар тарату бағдарламаларын көруге болады, бірақ кейбір сандық теледидар функциялары тиісті түрде жұмыс істемеуі мүмкін.</td></tr>
<tr><td rowspan="4">Мүмкіндігі шектеулілерге көмек
(ТЕК ҚАНА ЦИФРЛЫҚ ТӘРТІПТЕ)</td><td colspan="3">Ерекшеліктер</td></tr>
<tr><td>Есту қабілеті шектеулі</td><td colspan="2">Бұл функция есту қабілеті шектелген адамдарға арналған.</td></tr>
<tr><td>Дыбыстық сипаттама</td><td colspan="2">Бұл мүмкіндік көз жанарынан айырылған көрермендерге арналған және негізгі дыбыстық ақпаратқа қоса, теледидар бағдарламасындағы ағымдағы жағдайдың дыбыстық түсіндірмесін беріп отырады.
Дыбыстық сипаттама қосулы параметрі таңдалған кезде, негізгі дыбыс және дыбыстық сипаттама функциясы тек дыбыстық сипаттама функциясы қосылған бағдарламалар үшін беріледі.</td></tr>
<tr><td>Дыбыс деңгейі</td><td>Дыбыстық сипаттама дыбысының деңгейін өзгертеді</td></tr>
<tr><td rowspan="5">ISM әдісі
(тек плазмалы теледидарда)</td><td colspan="3">Экранда ұзақ уақыт бойы қатырып қойылған немесе қозғалыссыз бейне тіпті бейне өзгерген жағдайдың өзінде
экранда қалдық бейненің қалып қоюына әкелуі мүмкін. Тұрақты бейненің дсиплейде ұзақ уақыт бойы тұруына жол бермеңіз.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Ерекшеліктер</td></tr>
<tr><td>Ақ түсті тазалау</td><td colspan="2">White wash («Ақ түсті тазалау») функциясы экраннан тұрақты бейнелерді өшіреді.
Ескертпе: тым ұзақ тұрған тұрақты бейнені White Wash («Ақ түсті тазалау») функциясы өшіре алмауы мүмкін.</td></tr>
<tr><td>Орбитер</td><td colspan="2">Орбитер қалдық бейнелердің пайда болуының алдын алуы мүмкін. Алайда, бейненің экранда ұзақ тұрып қалуына
жол бермеген дұрыс. Бейненің экранда ұзақ тұрып қалуын болдырмау үшін, экран әр 2 минут сайын қозғалып тұрады.</td></tr>
<tr><td>Түсті тазалау</td><td colspan="2">Экраны біраз жылжыған түс қорабы және ақ сурет кезек-кезек көрсетіледі. Уақытша орын алған қалдық бейне өшіріліп жатқанда және түс үлгісі жұмыс істеп тұрғанда пайда болған қалдық бейнені сезу қиын.</td></tr>
</table>

Параметр	Сипаттама	
Қуат көрсеткіші (Тек СК/ЖД СК теледидарда)	Теледидардағы көрсеткіш шамның қосылуын немесе өшірілуін орнатады. 3D режимі таңдалса, Қуат көрсеткіші автоматты түрде өшіріледі.	
	Ерекшеліктер	
	Күту күйі шамы	Күту күйінде көрсеткіш шамның қосылуын немесе өшірілуін орнатады.
	Қуат шамы	Қуат қосылғанда, көрсеткіш шамның қосылуын немесе өшірілуін орнатады.
Деректер қызметі (тек Ирландияда.)	Екеуі де бір уақытта бар болса, бұл функция пайдаланушыларға MHEG (Сандық телемәтін) and Телемәтін параметрлерінің біреуін таңдауға мүмкіндік береді.	
Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру	Бұл функция барлық параметрлерді бастапқы қалпына келтіреді. **ЕСКЕРТПЕ** • **Бұғаттау жүйесі «Қосу»** күйінде болғанда, құпия сөзді ұмытып қалсаңыз, қашықтан басқару құралындағы «0», «3», «2», «5» сандарын теріңіз.	
Құрылғы идентификаторы	Жалғанған құрылғыларға идентификаторы қосады	
Режимді орнату	Әдепкі таңдау – «**Үйде қолдану**». Үйде көруге ең ыңғайлы бейне сапасын алу үшін, теледидарды «**Үйде қолдану**» режиміне орнату ұсынылады.	
	Ерекшеліктер	
	Үйде қолдану	Үйдегі ортада осы параметрді таңдаңыз.
	Дүкенде көрсету	Дүкендегі ортада осы параметрді таңдаңыз.
	Көрсетілім режимі	Теледидардың ерекше мүмкіндіктерін көрсететін етіп орнатады. Көрсетілім режимінен дыбыс деңгейі және дыбысты өшіру түймелерінен басқа кез келген түймелерді басу арқылы бас тартуға болады. **ЕСКЕРТПЕ** • **Үйде қолдану** режимінде **Көрсетілім режимін** пайдалану мүмкін емес. • **Сақтау көрмесі** режимінде **Демо режимі** автоматты түрде **Қосу** күйіне орнатылады. • **Сақтау көрмесі режимінде Демо режимі** параметрі **Сөндіру** күйіне орнатылғаннан кейін, **Демо режимі** іске қосылмайды, тек экран бастапқы қалпына келеді. • Экран **Демо режимі** күйінде 5 минуттан кейін автоматты түрде бастапқы қалпына келеді.

ЖЕЛІ параметрлері

(Үлгіге байланысты)


1 Басты мәзірге өту үшін, **Негізгі бет** түймесін басыңыз.

2 Ауысу батырмаларының көмегімен **ЖЕЛІ** бөліміне өтіп, **OK** батырмасын басыңыз.

3 Жылжу түймелерінің көмегімен керекті параметрге немесе опцияға өтіп, **OK** түймесін басыңыз.
- Алдыңғы деңгейге оралу үшін **АРТҚА** түймесін басыңыз.

4 Аяқтағаннан кейін, **ШЫҒУ** батырмасын басыңыз.

• Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.



Қол жетімді желі параметрлері төменде берілген.

Параметр	Сипаттама
Желі параметрі	Желі параметрлерін реттеу (52-бетті қараңыз).
Желі күйі	Желі күйін көрсету (53-бетті қараңыз).

БАЙЛАНЫС ОРНАТУ

Теледидарға әртүрлі сыртқы құрылғыларды жалғап, сыртқы құрылғыны таңдау үшін, кіріс сигналы режимдерін ауыстырып қосыңыз. For more information of external device's connection, refer to the manual provided with each device.
Қолдануға болатын сыртқы құрылғылар: HD ресиверлері, DVD ойнатқыштары, бейнемагнитофондар, дыбыстық жүйелер, USB жад құрылғылары, компьютерлер, камкордерлер немесе камералар, ойын құрылғылары және басқа да сыртқы құрылғылар.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер теледидар бағдарламасын DVD рекордеріне немесе бейнемагнитофонға жазсаңыз, теледидардың сигнал кіріс кабелін теледидарға міндетті түрде DVD рекордері немесе бейнемагнитофон арқылы жалғаңыз. Жазу туралы қосымша ақпаратты жалғанған құрылғының нұсқаулығынан қараңыз.
- Сыртқы құрылғыны жалғау түрі үлгіге қарай әртүрлі болуы мүмкін.
- Теледидарға сыртқы құрылғыларды теледидар портының ретіне қарамастан жалғаңыз.

Теледидарға сыртқы құрылғыларды төмендегі кестеге қарап жалғаңыз.

Байланыс түрі	Бейне		Дыбыс	
	Сандық	Аналогтық	Сандық	Аналогтық
HDMI (ұсынылады)	O	-	O	-
Құрамдас	-	O	-	O
Euro Scart	-	O	-	O
Тұтас	-	O	-	O
RGB	-	O	-	O
Оптикалық дыбыс	-	-	O	-


Байланыстарға шолу

Әртүрлі сыртқы құрылғыларды теледидардың артқы панеліндегі порттарға жалғаңыз.

1 Теледидарға қосылатын керекті сыртқы құрылғыны төмендегі мысал суретте көрсетілгендей тауып алыңыз.

2 Сыртқы құрылғының байланыс түрін тексеріңіз.

3 Тиісті мысал суретке өтіп, байланыс орнату мәліметтерін тексеріңіз.



ЕСКЕРТПЕ

- Ойын құрылғысын теледидарға жалғаған кезде, құрылғымен бірге берілген кабелді қолданыңыз.


- **БАЙЛАНЫС ОРНАТУ** бөлімінде негізінен 50/60PZ55** үлгілерінің диаграммалары пайдаланылады.
- Көрсетілген бейне теледидарда көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

HD ресиверіне, DVD ойнатқышына немесе бейнемагнитофонға жалғау

HD ресиверін, DVD ойнатқышын немесе бейнемагнитофонды теледидарға жалғап, кіріс сигналының тиісті режимін таңдаңыз.

HDMI байланысы

Сандық бейне және аудио сигналдарын сыртқы құрылғыдан теледидарға жібереді. Келесі суретте көрсетілгендей сыртқы құрылғы мен теледидарды HDMI кабелімен жалғаңыз.




ЕСКЕРТПЕ

- Теледидар HDMI кабелінің көмегімен бейне және аудио сигналдарын бір мезгілде қатар қабылдай алады.
- DVD Авто HDMI пішімін қолдамаса, тиісті шығыс ажыратымдылығын орнату керек.
- HDMI кабелінің жоғары жылдамдықты кабель екенін тексеріңіз. HDMI кабелі жоғары жылдамдықты болмаса, бейне діріл деуі немесе мүлде көрсетілмеуі мүмкін. Жоғары жылдамдықты HDMI кабелін пайдаланыңыз.


DVI-HDMI байланысы

Сандық бейне сигналдарын сыртқы құрылғыдан теледидарға жібереді. Келесі суретте көрсетілгендей сыртқы құрылғы мен теледидарды DVI-HDMI кабелімен жалғаңыз. Дыбыс сигналын тасымалдау үшін, аудио кабельді жалғаңыз.



Құрамдас байланыс


Аналогтық бейне және аудио сигналдарын сыртқы құрылғыдан теледидарға жібереді. Келесі суретте көрсетілгендей сыртқы құрылғы мен теледидарды құрамдас кабельмен жалғаңыз.



Қазақша

Euro Scart қосылымы

Бейне және аудио сигналдарын сыртқы құрылғыдан теледидарға жібереді. Келесі суретте көрсетілгендей сыртқы құрылғы және теледидарды Euro Scart кабелі арқылы жалғаңыз. Жолма жол бейне арқылы суреттерді көрсету үшін, Euro Scart кабелін пайдалану керек.



Кіріс режимі / Ағымдағы кіріс режимі	AV1 (ТД шығарут[1])	AV2 (Монитор шығару[2])
Сандық ТД	X	O
Аналогты ТД, AV	Аналогты ТД	O
Құрамдас/RCB	Аналогты ТД	X
HDMI	Аналогты ТД	X

1 ТД шығарут : Шығу сигналдары аналогтық теледидар сигналдары болады.


2 Монитор шығару : Ағымдағы бейнебет кескінін шығарады.

ЕСКЕРТПЕ

- Кез келген Евро «Scart» кабелі сигналдан қорғалған болу керек.

Құрама байланыс

Аналогтық бейне және аудио сигналдарын сыртқы құрылғыдан теледидарға жібереді. Келесі суретте көрсетілгендей сыртқы құрылғы мен теледидарды құрама кабелімен жалғаңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер сізде моно дыбыстық бейне магнитофон болса, оның дыбыстауыш кабелін ұрылғының **AUDIO L/MONO** ұясына жалғаңыз.

Компьютерге қосу

Бұл теледидар Plug & Play* мүмкіндігін қолдайды.

* Plug & Play: компьютер оған пайдаланушылар жалғап, қосқан құрылғыны конфигурациясыз немесе пайдаланушының көмегінсіз өзі танитын функция.

Төмендегі кестеге қарап, теледидарды компьютерге сәйкесінше жалғаңыз.


	HDMI (ұсынылады)	**RGB**
Бейне	O (Сандық)	O (Аналогтық)
Аудио	O (Сандық)	X

ЕСКЕРТПЕ

- Кескін сапасын жақсарту үшін, теледидарды HDMI байланысымен пайдалану ұсынылады.


DVI-HDMI байланысы

Сандық бейне сигналдарын компьютерден теледидарға тасымалдайды. Төмендегі суретте көрсетілгендей, DVI-HDMI кабелі арқылы компьютер мен теледидарды жалғаңыз. Дыбыстық сигналды тасымалдау үшін, аудио кабелін жалғаңыз.




HDMI байланысы

Сандық бейне және дыбыс сигналдарын компьютерден теледидарға тасымалдайды. Төмендегі суреттерде көрсетілгендей, HDMI кабелі арқылы компьютер мен теледидарды жалғаңыз.



RGB байланысы

Аналогтық бейне сигналын сыртқы құрылғыдан теледидарға тасымалдайды. Төмендегі суретте көрсетілгендей, RGB кабелі арқылы компьютер мен теледидарды жалғаңыз. Дыбыстық сигналды тасымалдау үшін, аудио кабелін жалғаңыз.



Қазақша

ЕСКЕРТПЕ

- Бейненің ұзақ уақыт бойы экранда көрсетіліп тұруына жол бермеңіз. Жылжымайтын бейне экранда басылып қалуы мүмкін, сондықтан мүмкін болса экран қорғағышын қолданыңыз.
- Компьютер режимінде ажыратымдылық, тік өрнек, түс контрасты немесе жарықтыққа байланысты кедергілер тууы мүмкін. Компьютер режимін басқа ажыратымдылыққа немесе жаңалау жиілігін басқа жиілікке өзгертіңіз немесе мәзірдегі жарықтық және түс контрастын бейне таза болғанға дейін реттеңіз. Егер компьютер бейне платасының жаңалау жиілігі өзгерілмесе, бейне платаны өзгертіңіз немесе жабдықтаушыдан кеңес алыңыз.
- Көлденең және тік жиіліктің қадамдастыру кіріс сигналының қисық сызық пішімдері әртүрлі болады.
- Компьютер режиміне 1920x1080, 60 Гц (42/50PT****, 42/50PW****, 22/26/32LK33**, 19/22/26/32LV25** үлгілерінен басқасында), 1024x768, 60 Гц (Тек 42/50PT****, 42/50PW**** үлгілерінде) 1360 x768, 60 Гц (Тек 22/26/32LK33**, 19/22/26/32LV25** үлгілерінде) пайдалануды ұсынамыз, бұл бейненің ең жақсы сапасын қамтамасыз етеді.
- Компьютер мониторының шығыс портының сигнал кабелін теледидардың RGB (PC) портына немесе компьютердің шығыс портының сигнал кабелін теледидардың HDMI IN (немесе HDMI/DVI IN) портына жалғаңыз.
- Компьютердің аудио кабелін теледидардың аудио кірісіне жалғаңыз. (Аудиокабельдер теледидармен бірге жабдықталмайды).
- Дыбыстық платаны қолданған кезде, компьютер дыбысын қажетті күйге келтіріңіз.
- Егер компьютердің бейнекартасы аналогтық және сандық RGB сигналын бір уақытта шығара алмаса, компьютерден бейнелерді теледидарға шығару үшін RGB немесе HDMI IN (немесе HDMI/DVI IN) режимдерінің тек біреуін жалғаңыз.
- Егер компьютердің бейнекартасы аналогтық және сандық RGB сигналын бір уақытта шығара алмаса, теледидарды RGB немесе HDMI режиміне орнатыңыз (басқа режим теледидар арқылы «Plug and Play» тәртібіне автоматты түрде келтірілген.)
- DVI-HDMI кабелін қолдансаңыз, DOS режимі бейне картасына байланысты жұмыс істемеуі мүмкін.
- Тым ұзын RGB-PC кабелін қолданған жағдайда, экранда кедергілер байқалуы мүмкін. Ұзындығы 5 м аспайтын кабель пайдалану ұсынылады. Бұл сапасын жақсартады.

Аудио жүйесіне қосу


Ішкі динамиктің орнына сыртқы аудио жүйесін пайдаланыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Ішкі динамиктің орнына сыртқы аудио құрылғысын пайдаланған жағдайда, теледидардың динамигін ажыратып тастаңыз (73-бетті қараңыз).

Сандық оптикалық аудио байланыс

Сандық аудио сигналдарын теледидардан сыртқы құрылғыға жібереді. Келесі суретте көрсетілгендей сыртқы құрылғы мен теледидарды оптикалық аудио кабелімен жалғаңыз.




ЕСКЕРТПЕ

- Оптикалық шығыс портының ішіне қарамаңыз. Лазерлік сәуленің көзге тиюі көру қабілетіне зақым келтіруі мүмкін.

Құлақаспап байланысы

(42PT25**, 60PV25**, 42/50PT35**, 50PV35**, 50/60PZ25**, 42/50PW45**, 50/60PZ55** үлгілерінен басқалары)
Құлақаспап сигналдарын теледидардан сыртқы құрылғыға жібереді. Келесі суретте көрсетілгендей сыртқы құрылғы мен теледидарды құлақаспаппен жалғаңыз.




ЕСКЕРТПЕ

- «AUDIO» («Аудио») мәзірінің тармақтары құлақаспап жалғанғанда өшіріледі.
- Құлақаспапты жалғап, AV режимін өзгерткенде, өзгертулер үнге емес, тек бейнеге қатысты болады.
- Оптикалық сандық аудио шығыс құлақаспап жалғанғанда өшіріледі.
- Құлақаспап импендансы: 16 Ω
- Құлақаспаптың ең жоғарғы дыбыс мөлшері: 10-15 мВт


USB-ге қосу

USB флэш жады, сыртқы қатты диск немесе USB жад картасын оқу құрылғысы сияқты USB жад құрылғыларын теледидарға жалғап, «Менің мультимедиам» мәзірі арқылы әртүрлі мультимедиа файлдарын пайдаланыңыз.
54--беттегі «**USB жад құрылғыларын жалғау**» және 55--беттегі «**Файлдарды шолу**» бөлімдерін қараңыз.



CI модуліне жалғау

Шифрленген (ақылы) қызметтерді сандық ТД режимінде көру. 37-бетті қараңыз.



Көрсетілгендей нүктені тексеріп, CI модулін салыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- CI модулінің PCMCIA карта ұясына дұрыс салынғанын тексеріңіз. Егер модуль сәйкесінше қосылмаған болса, ТД немесе PCMCIA карта ұяшығына зақым келуі мүмкін.

Қазақша

SIMPLINK байланысы

HDMI-CEC арқылы HDMI кабелінің көмегімен жалғанған AV құрылғысын ойнату және басқару үшін, теледидардың қашықтан басқару құралын пайдаланыңыз. Теледидар тек HDMI-CEC интерфейсін қолдайтын құрылғылармен жұмыс істейді.

HDMI кабелінің бір ұшын теледидардың артындағы HDMI/DVI IN немесе HDMI IN ұясына, ал екінші ұшын SIMPLINK құрылғысына жалғаңыз.

Сымсыз сыртқы шығыс SIMPLINK функциясын қолдамайды.

ЕСКЕРТПЕ


- Егер жалғанған құрылғы HDMI-CEC интерфейсін қолдамаса, SIMPLINK мүмкіндігін пайдалану мүмкін болмайды.
- SIMPLINK құрылғысын пайдалану үшін, *CEC функциясы бар жоғары жылдамдықты HDMI кабелі қажет. (*CEC: тұрмыстық электроника басқармасы).

SIMPLINK мүмкіндігін іске қосу

1 SIMPLINK мәзірлерін ашу үшін, SIMPINK түймесін басыңыз.

2 **Қосу** пәрменіне жылжып бару үшін, жылжу түймелерін басыңыз.

3 Құрылғылардың біреуіне жылжып бару үшін, жылжу түймелерін және **OK** түймелерін басыңыз.



No.	Сипаттама
1	Алдында көрілген арнаны көрсетеді.
2	Дисктерді ойнатады. Бірнеше диск болған кезде, дисктің аты экранның төменгі жағында көрсетіледі.
3	Жалғанған бейнемагнитофонды басқарады.
4	HDD жазуларын ойнату: HDD-де сақталған жазуды басқарады.
5	Үй кинотеатрының динамигіне немесе теледидарға арналған аудио шығысы: үй кинотеатрының динамигі мен теледидар динамигінің арасындағы аудио сигналының шығысын ауыстырады.

- таңдалған құрылғының алдында құсбелгі пайда болады;
- бар құрылғылар жарқын түрде көрсетіледі;
- болмаған құрылғылар сұр болып көрсетіледі.

4 Таңдалған AV құрылғысын басқару
- **Тікелей ойнату**: AV құрылғыларын теледидарға жалғағаннан кейін, қосымша параметрлерсіз құрылғыларды тікелей басқаруға және мультимедиа файлдарын ойнатуға болады.
- **AV құрылғысын таңдау**: теледидарға қосылған AV құрылғыларының біреуін таңдауға мүмкіндік береді.
- **Диск ойнату**: жылжу түймелерін, **OK**, ▶, ■, II, ◀◀ және ▶▶ түймелерін басу арқылы жалғанған AV құрылғыларын басқаруға мүмкіндік береді
- **Барлық құрылғылардың қуатын ажырату**: теледидардың қуатын ажыратқанда, жалғанған барлық құрылғылар өшіріледі.
- **Аудио шығысын ауыстырып қосу**: аудио шығысын оңай ауыстырып қосуға мүмкіндік береді.
- **Қуатты бірге қосу**: HDMI терминалына қосылған SIMPLINK функциялы жабдық ойнатыла бастағанда, теледидар автоматты түрде қосылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер кіріс көзін INPUT («Кіріс сигналы») түймесін басу арқылы өзгертсе, SIMPLINK құрылғысының жүріп жатқан функциясы тоқтайды.
- Үй кинотеатрі мүмкіндігі бар құрылғы таңдалса, дыбыс автоматты түрде үй кинотеатрінің динамигінен шыға бастайды, ал теледидар динамигі өшеді.
